





*Мен 70 жыл бойы көксеген, жалықпен бірге  
ұмтылған бақыттың, дәулеттің, қуаныштың  
ертегідегідей алқабын таптым.*

*Бұл бақыт алқабы дегенім— менің ұлы Совет  
Отаным, бұл Отанның үстінде адам баласы-  
ның жүрегін қуандырып, жылындырып, Сталин  
күні, сталиндік шындық, сталиндік ақыл мен  
қамқорлық нұрланып жарқырауда.*

**ЖАМБЫЛ.**





# ПИОНЕР


Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің  
айына бір рет шығатын балалар журналы

шығатын 13 жыл.

№ 2

ФЕВРАЛЬ

1951 жыл



18-февраль күні Қазақ ССР Жоғарғы Советін сайлау болады.  
10-мектептің пионерлері И. В. Сталин жолдас дауысқа түсетін Алматы — Сталин сайлау  
округінің участоктарын безендіруге белсене қатысуда.

Суретті түсірген П. Редько.

## ЕЛЕУЛІ КҮНДЕР

Тамаша ғой біздің Отан! Ой жіберіп отырсаң, ұлы өмірінің әрбір сағаты жаңалық әкеледі. Былтырлар ғана жасыл орманның жырын толғап едік, быйыл оның үстіне талай керемет ұлы істер қосылды. Днепр, Еділ, Дон, Амудария өзендері енді аз жылда жаңа арналар арқылы ұлан-байтақ даламызда асау толқынын ойнатады. Өлкемізге бұрын тарих білмеген алып электр станциялары орнайды. Ал, ауыл мен қаланың айырмасын жоюдың айқын белгісі — агроқалалар колхоздарымызда кәзірдің өзінде іргесін қалай бастады.

Қарап отырсақ, осының әрқайсысы бүтін бір ғасырдың ісі боларлық аса көлемді, қыйын іс. Ал, бізде, совет елінде бұл сыяқты алып істер қысқа мерзімде-ақ бітіп, жүзеге асады. Өйткені совет адамдары алмас ешбір қамал жоқ. Халқымыздың данышпан көсемі — сүйікті Сталин бастаған елде, Сталиндік ұлы Конституцияның аясына бөленген елде, еңбек аброй-атақ әперетін, данққа жеткізетін елде тарихи ұлы жаңалықтар, ұлы жеңістер өмір заңымыз, тұрмыс салтымыз боп алды.

Тарихи ұлы оқыйғаларға бай елімізде февраль — тағы бір елеулі ай болды. РСФСР-да, Грузияда, Латвияда, Өзбекстанда, Азербайжанда, Қазақстанда тағы басқа одақтас республикаларда Жоғарғы Советінің сайлауы болғалы отыр. Бұл сайлау халқымыздың берік ынтымағының, мызғамыс достығының, өз Отанына, большевиктер партиясына, кеменгер Сталинге шексіз берілгендігінің тағы да бір тамаша айғағы болады. Коммунистер мен партияда жоқтардың блогі ұсынған кандидаттарға совет адамдары бір кісідей болып ұйымшылдықпен дауыс береді. Сөйтіп, олар — ұлы партиямыздың, кеменгер Сталиннің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтала түскендігін көрсетеді.

Әр республика Жоғарғы Советіне депутаттыққа ұлы Сталинді бірінші кандидат етіп ұсынды, бір кісідей болып ұлы Сталинге да-


уыс беруге асығады. Американ-ағылшын империалистері шеңгелдеп отырған капиталистік елдерде бас бостандығы — көкей кесті арман екенін, қалағанын сайлау деген ондағы халықтардың түсіне де кірмейтінін, жалпыға бірдей, әділ, ерікті, тең сайлау тек біздің елімізде, тек Сталиндік Конституция арқасында екенін халықтарымыз мақтаныш сезіммен еске ала, ұлы Сталинге, сталиндік ерлерге дауыс береді. Ұлы Сталин бүкілхалықтық депутат болып сайланды.

Басқа республикалар сыяқты, Қазақстан еңбекшілері де бірінші кандидат етіп көсеміміз Сталиннің есімін атады, асқан қуанышпен, зор сүйіспеншілікпен ұлы көсемге дауыс беруге асығады. Бұл бақытқа Алматыдағы Сталин сайлау округінің сайлаушылары кенеледі.

Республика сайлаушылары ұлы Сталинмен бірге оның сенімді серіктері: В. М. Молотов, Г. М. Маленков, Қ. Е. Ворошилов, Л. П. Берия, А. И. Микоян, Н. А. Булганин, Л. М. Каганович, А. А. Андреев, Н. С. Хрущев, Н. М. Шверник, А. Н. Қосыгин жолдастарды өздерінің кандидаты етіп ұсынды.

Республикамыздың 400 таңдаулы ұл-қызы халық сеніміне бөленді. Бұлар қызметі, мамандығы жөнінен алуан түрлі адамдар: партия, совет ұйымының басшылары, қоғам қайраткерлері, оқымыстылар, артистер, жазушылар, мұғалімдер, стахановшы жұмысшылар, озат колхозшылар, Социалистік Еңбек Ерлері, Совет Одағының батырлары, Сталиндік сыйлықтың лауреаттары тағы басқалар.

Коммунистер мен партияда жоқтардың блогі ұсынған, халық сеніміне бөленген кандидаттар ертеңгі күні: «Депутат — халық қызметшісі» деген көсем сөзін нұсқау ете отырып, ұлы Отанымыз мүддесі үшін, туған республикамыздың мүддесі үшін қызмет етеді. Сенің алаңсыз жақсы оқуың үшін, сенің жарқын келешегің үшін қызмет етеді, жас ұрпақ.





Таисия Федоровна Рекина оқушыларына „Зоя мен Шура туралы повесть“ оқып отыр.

Суретті түсірген П. РЕДЬКО.

## ҰАМҚОР АНА

Т. МУКАНОВ

Астананың көшелері көктеген ағаштар мен қош иіс төккен гүлдерге бөленген жаздың бір тамаша күні еді. Өзбек және Гоголь атындағы көшелердің бұрышындағы әдемі көк үйдің алдына әскерше киінген жас жігіт келді. Көп жылдар әскерде жүріп, үй ішін көрмей, аялап өсірген анасының құшағын сағынып келген адамның пішіні бар еді, оның өңінде. Бұл Совет Армиясының жауынгері Әділ Жүнісов еді. Оның кәзіргі келіп тұрған үй — Алматыдағы № 15 мектеп. Осы мектепте Әділ бірнеше жыл оқыды, ол осында тәрбиеленіп, білім бұлағынан туңғыш рет осында сусындады.

Совет Одарындағы туысқан халықтардың ағасы—ұлы орыс халқының тілін Әділ, ең алғаш рет мектептің қарт мұғалимасы Таисия Федоровнадан үйренді. Асырап сақтаран әке-шешеден де, ақыл үйреткен адам артық, дейді орыс халқы. Таисия Федоровна осындай ақыл үйретіп, жас буындардың санасына білім рұғын сепкен адам. Таисия Федоровнаның аналық мейірімді жүрегінен шыққан ақылы мен бар білімін жұмсап мәпелеп өсіріп, ұядан ұшырған балапандарының бірі осы Әділ еді. Сонау алыс Қыйыр Шығыста көп жылдар жүріп, туып-өскен жерін аңсап келген бойда, үйіне бармастан оның мектепке келген себебі де осыдан. Мектеп оның туған үйімен бірдей болса, Таисия Федоровна туған анасындай болған адам еді.

- Сізге кім керек? — деді бір егде әйел.
- Таисия Федоровна кәзір осында ма? — деді Әділ.
- Я, осында, сабақ өткізіп жатыр. Енді 10 минут-

тан соң үзіліс болады. Мұғалімдер бөлмесіне барып күте тұрыңыз. Ол кісі сонда келеді.

Мұғалімдер бөлмесінде отырып Әділ мектепте өткізген жылдарын бір ерекше ыстық сезіммен тағы да есіне түсірді. Сабаққа үлгірмей қалған балаларды Таисия Федоровна алдымен қызарта ұялтып ұрсатын, ол балалар сабаққа дұрыс қарап, жақсы оқыйтын болғанда, оларға ақылын айтып, не үшін ұрысқанын түсіндіретін. Жақсы оқыйтын балаларды Таисия Федоровна әрқашан да аузынан тастамай, олардың атын «Біздің Вовик», «Біздің Әділ» деп бір түрлі жылылық сезіммен атайтын еді. Жазғы демалыс бітіп, оқу басталарға жақындағанда Таисия Федоровна балалардың ата-аналарымен әңгімелесіп, оқу жылы басталатын күні балалардың мектепке белгілі үлгімен тігілген киімдер киіп келуін, оларды оқу құралдарымен толық қамтамасыз етуді талап ететін. Сабаққа үлгіре алмай жүрген балаларға көмектесіп, тіпті қызмет істейтін уақытынан тыс кезде де оларды жыйнап алып, сабақтарын пысықтатып көп отыратын. Соның үшін де балалар оны шын жүректерінен «қамқор ана» деп атайтын.

Осындай ойға шомып отырған Әділдің құлағына қоңыраудың сыңғырлаған таныс даусы естілді. Жүрегі лүпілдеп соғып, қуанып кетті.

— Сәлеметсіз бе, Таисия Федоровна! — деп ол, есіктен кіріп келген ұзын бойлы, ашаң өнді мұғалимаға тұрып сәлем берді. Таисия Федоровна алыс жерде ұзақ жүріп, көп жыл көрмеген, көптен сағынып күткен баласындай;

— Әділжан! Ой Әділ-ау, денің сау келдің бе! — деп көзіне жас алып, оның бетінен сүйіп, арқасынан қақты.

— Қалай, әскерден бір жолата қайттың ба?

— Жоқ, демалысқа келдім.

— Кашан келдің?

— Поездан түсіп, келіп тұрған бетім осы.

— Рахмет, шырағым, келгеніңе. Жіберген хаттарыңның бәрін алдым.

— Таисия Федоровна, менің сізге әкелген кішкентай сыйлығым бәр еді. Қолымнан келгені осы, риза болыңыз, — деді ол ешкінің майда түбітінен жасалған судай жаңа шәліні қалың қағазға орап, Таисия Федоровнаға ұсына беріп.

\* \* \*

— Әңгіме мен ұшырған түлектердің маған әкеп тартқан нәрсесінде емес қой, — дейді Таисия Федоровна. — Мен олардың ержетіп, елімізге пайдалы адам, Отанға, Сталин жолдасқа шын берілген патриот болғанына, халқымыз сеніп тапсырған қызметті аброймен атқарып жүргеніне қуанамын. Оларды тәрбиелеп, нағыз адам етіп өсіру үшін көзіміздің майын, жүрегіміздің күшін аямай жұмсап, тірнектеп еткен еңбегіміздің зая кетпегенін осыған көріп қуанамын.

Таисия Федоровна Рекина жолдастың жыйырма жылдық оқытушылық еңбегі текке кеткен жоқ. Осы уақыттың ішінде ол еліміздің жүздеген жас жеткіншектерін оқытып, баулып шығарды. Олардың көбі инженер, мұғалім болып істейді, партия, совет орындарында, халық ағарту майданында, жауапты қызметтерде жүр. Таисия Федоровнаның шәкірттері Вадим Скрипченко Отанымыздың астанасы Москвадағы совет саудасы институтын бітіріп шықты, С. Филоновский Алматыдағы физкультура техникумының аға оқытушысы болып істейді, Н Нейштадт үстіміздегі жылы Ленинградтағы кен-металлургия институтын бітіріп шығады. Осы сыяқты мысалдарды көп келтіруге болады.

Халық-ағарту майданындағы өзінің жыйырма жылдық қызметінің онбес жылын Таисия Федоровна осы 15-мектепте өткізді. Кәзір ол осы мектепте төменгі кластар жөніндегі оқу бөлімінің жұмысын басқарады және өзінің сүйікті кәсібі — орыс тілі сабағын жүргізеді.

— Ендігі жастардың арманы жоқ қой, — дейді Таисия Федоровна, — олар онжылдық мектепті бітіреді, онан кейін жоғары оқу орнында оқып, мамандық алып шығалы. Біздің жас кезімізде мұндай мүмкіншілік жұрттың бәріне бірдей бола бермейтін. Мен өзім Еділ бойында, ұсақ кеңсе қызметкерінің семьясында тудым. 11 жасымда шешем өліп, өгей ананың қолында өстім. Жоғары оқу бітіруге халіміз келмелі. Мұғалімдер даярлайтын қысқа мерзімді курсты бітіріп, кәсіп етуге кірісуге тура келді.

Таисия Федоровна еңбек сүйгіш, өскелең адам. Ол оқыйтын уақыты әлдеқашан өтіп кетсе де, жасы қырықтың мол ішіне жеткенде, өткен жылы Қазактың Абай атындағы педагогикалық институтын сырттан оқып, ойдағыдай бітіріп, диплом алды. Мұнда оқығанда, ол өзінің мұғалімдік қызметінен қол үзген жоқ. Қоғамдық жұмыстарға да, оқушылардың ата-аналары арасындағы жұмыстарға да уақыт тапты.

Бала оқыту әрі қыйын, әрі арлақты міндет. Таисия Федоровна өзінің осы міндетін аброймен атқарып келеді. Омырауындағы «Халық ағарту ісі отличнигінің значогі», «Еңбекте үздік шыққаны үшін», «1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерлік еңбегі үшін» медальдары оның осы мінсіз қызметінің айғағы.

\* \* \*

Таисия Федоровна енді мемлекет қайраткері болады, оны Алматыдағы Молотов сайлау округінің сайлаушылары Қазақ ССР Жоғарғы Советіне кандидат етіп ұсынды. Аяулы оқытушымыз бұдан былай да жас буындарды тәрбиелеуде, оқытуда халық алдындағы борышын аброймен ақтайды.



## Н. Е. ВОРОШИЛОВ 70 жасқа толды.



Климент Ефремович Ворошилов балалар арасында

### ХАЛЫҚ ҰЛЫ

Оның еңбек, ерліктері туралы  
Талай ақын шабыттана жырлады.  
Елестетіп көзіне үлкен өмірді  
Бүкіл халық тамашалап тыңдады.

...Көрді оны Октябрьдің өткелі,  
От жалыны, оқ түтіні көктегі.  
Есімізде сонда оның қол бастап,  
Майдан жолын жеңістермен өткені.

Көрді оны сол бір күрес жылдары  
Ұлы ерлікте Россия ұлдары.  
Елестейді Сталинмен бірге оның  
Царицынның окопында тұрғаны.

Оны жырлау — ақындарға, жырға сын.  
Еңбегі де жырдағыдан тұр басым.  
Сталиндік армияның күшінен  
Көрем оның нағыз биік тұлғасын.


Ол — көсемнің жақын досы, серігі,  
Халқымыздың қолбасшысы, ер ұлы.  
Оның атың ел көгіне жазғандай  
Коммунизм құрылысының мол нұры.

Талай ақын шабыттана жырлады.  
Талай адам тамашалап тыңдады.  
Ол жыр — бүкіл елімізге сүйікті  
Дон туралы, Донның ұлы туралы.

Жатыр гулеп тынық Донның жағасы  
Арнасы боп бес теңіздің арасы.  
Жарқырап тұр Россия аспаны,  
Жамылды гүл байтақ Отан даласы.

Бүкіл халық көреді ердің жүзінен  
Большевикті мәңгі бірге өзімен.  
«Клим батыр» деп атайды оны ел  
Жүз жасаған Жамбылының сөзімен.

Ж. МОЛДАҒАЛШЕВ.



Фрунзе қаласы. Үкмет үйі.

## БАҚЫТ ШЫҢЫНДА

Қырғыз халқы 1-февраль күні өз республикасының даңқты  
25 жылдық мерекесін тойлады.

«Мен балалық шағымды күңгірт білемін, алайда аузым жарып ас ішпегенімді ұмытқан жоқпын, әкеміз ешқашан да бізді еркелетіп сүйген емес, өйткені таңсәріден егін даласына кеткен сорлы қасқарая өліп-талып бір-ақ қайтатын.

...Біз арпа мен бидай егетінбіз, жер жақсы өнім беретін еді. Бірақ жер біздікі емес: жер байдікі болатын, өнімнің үштен бірін орыс патшасының төрелері, үштен екісін — байлар алатын. Өзімізге қалған астықтың үштен бірін біз бір жылға талшық ететінбіз».

ССРО халық артисі, қырғыз композиторы Абдылас Малдыбаев өзінің балалық шағын есіне түсіргенде осылай деп жазады.

Бұл жалғыз Малдыбаев емес, кедей қырғыз балаларының Октябрь революциясына дейінгі көргені еді.

Балалар! Қырғыз халқы бұрын патша заманында қанауда, құлдықта болған, мұқтаждықпен күн өткізген «бұратана» атанған халық еді. Халық негізінен алғанда малмен күнелтетін. Елдің екі проценттейі ғана сауатты болатын.

Октябрь революциясы қырғыз халқына да алтын таң болып атты.

Қырғызстан іргелі мемлекет, терезесі тең елге айналды. 1926 жылы 1-февраль күні Қырғыз автономиялы облысы Қырғыз АССР-ы болып қайта құрылды. Сталиндік Конституция бойынша, 1936 жылдан бері Қырғызстан Одақтық республика болды.

Совет өкметі жылдарында Қырғызстан халық шаруашылығы мен мәдениетінің алуан салаларында қыруар табыстарға жетті.

Бұл — кәзір өнеркәсібі өркендеген, мол өнім беретін ауыл шаруашылығы бар қуатты ел.

Қырғызстанда кәзірде 1500-ден аса мектеп, 33 техникум, 6 жоғары оқу орны жұмыс істейді. ССРО Ғылым Академиясының 1943 жылы құрылған қырғыз филиалы ғылым орталығы болып саналады.

Республикалық академиялық драма театры мен опера театры — ұлт искусствосының өскендігінің айғағы.

Бүгінде әрбір қырғыздың үйінде, қырғыз халқының ғасырлық арманын жырлаған, көлемі 40 мың жолдай болатын атақты «Манас» дастанымен қатар, қырғыз совет жазушыларының тамаша кітаптары сап түзеген. Бүгінде қырғыз әдебиеті — Одаққа белгілі өскен әдебиеттің бірі. А. Тоқамбаев, Т. Сыдықбеков, Қ. Маликов,

### ҚЫРҒЫЗҒА СӘЛЕМ

Жолдаймын сәлем кұттықтап  
Қырғыздың ұл мен қыздарын,  
Қанатың оттай жалтылдап,  
Жете ғой тезірек, жырларым!

Жоғары ұш, жырым, жасқанба,  
Жетемін десең қырғызға,  
Қырғыздар кәзір аспанда,  
Бүркіттен де әрі — шың-құзда!

Көргенмін. Ғажап ел екен,  
Мекені күннің қасында.  
Төгілмей қалай тұр екен  
Көлдері таудың басында?!

Көргенмін жігіт, қыздарын,  
Өшпейді мәңгі есімнен,  
Жібектей аппақ бұлттарға  
Қып-қызыл гүлдер өсірген.

Көтеріл, баурым, жоғары,  
Мақтаныш маған ушқаның.  
Қырғызға қанат қақтырған  
Жасасын Ұлы Сталин!

Ә. ТӨЖІБАЕВ.



сыяқты көрнекті ақын-жазушылар қырғыз халқының бақытты өмірін жырғақосады.

Бүгінгі қырғыз балаларының өмірі Малдыбаевтардың бір кездегі балалық шағына ұқсамайды. Бұлар қуанышты өмірде өнер-білімге беріліп, құлшына өскен жас ұрпақ. Олар республиканың өнерпаз қайраткерлері болмақшы.

Туысқан Қырғызстанның 25 жылдық мерекесі күні қырғыз жас достарымыздың оқуда озат болып, бойындағы дарын-талантын дамыта беруіне, коммунизмнің іскер құрылысшылары болып өсуіне шын жүректен тілектестік білдіріп, қазақша құшақтап сүйеміз.

Балалар, қырғыз ақындарының төменде бірнеше өлеңін басып отырмыз.

## БАҚЫТЫМЫЗ СТАЛИН

Т. УМЕТАЛИЕВ

Шөлде дарак көгерсе,  
Су жіберген Сталин.  
Саратан жазда жел келсе,  
Лебі сенен, Сталин.

Сырқау жүрек оналса,  
Дауа сенен, Сталин,  
Түншыққандар дем алса,  
Ауа сенен, Сталин.

Бау-бақшалар жайқалса,  
Гүл берген сен, Сталин.  
Бақта бұлбұл ән салса,  
Үн берген сен, Сталин.

Түнде жерді жарық қып  
Ай орнатқан Сталин.  
Балаларды қарық қып,  
Бақ орнатқан Сталин.

Шабытты, ұшқыр сұңқарға  
Қанат берген Сталин.  
Өнер қуған жастарға  
Талант берген Сталин.

Нұрлы күні елімнің  
Сен бар ашық көңілім.  
Бақытымыз — Сталин  
Узақ болсын өмірің.

Аударған Ғ. ОРМАНОВ.

## ФЗО-дағы ініме

А. ОСМАНОВ

Білем, інім мені жақсы көресің.  
Ағаң жақсы жырлар жазып төлесің.  
Шала ақын деп қомсынарсың мені ертең,  
Менен артық өмірдегі үлесің.

Жақсы көрсен, ағаң оны тыя ма?  
Жақсылықты жамандыққа қыя ма?  
Екеумізді қатар сынап қараса,  
Жұмысшының қыялықең — қыяда.

Мендей емес, оның жарқын көңілі  
Менен жомарт, менен сыйлы көрінді.  
Таразыға салып өлшеп қарасаң,  
Жұмысшының ұзақ жатыр өмірі.

Маған сенбе, талмай қарап талғап ал.  
Жақсымды алып, жаманымды отқа сал!  
Менменсімес мінезім мен, бауырым,  
Жұмысшылық сыйпатымды сақтап қал.

Аударған Т. ТӨГІСОВ.

## ҚАСҚА ТАЙ

Т. УМЕТАЛИЕВ

Әй, қасқа тай, қасқа тай,  
Өрісте сені тастамай,  
Мәпелеп өзім бағамын  
Қораң жылы қыста сай.

Ақ арпа берем жеміне,  
Жайнасын тана көзің де,  
Мөлдір суға қандырып,  
Байлап күнес төрінде.

Ардақтымдай қараймын,  
Төл бағуға жараймын:  
„Колхоздың төлі өссін“, — деп  
Жал-құйрығың тараймын.

Аударған М. ӨЛІМБАЕВ.





# ӘНІ ШІ І АВАМАТ



Повесть, жалғасы.

Қ. ЖАРМАҒАМБЕТОВ.

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ.

5

Түнгі күзеттен қажып қайтқан Нұрта ұйқыдан тұсауып кеткенде ғана оянып, көктемнің ұзақ күнінің қалғаны да жетер дегендей, домбырасын жасауға кіріскен еді. Ол қарағай домбыраның бет тактайын санлау қалдырмастай етіп ағаш шегемен шегелелі де, терезе шынысының сынығымен домбыраның мойнынан бастап түрпілеуге кірісті. Дайын тұрған құлақтарын орнына салып, ашамайлы тиектің қыр арқасының астынан тесіп өткізіп домбыраға шек тақты. Домбыра бетінің шек тиегін дөңес жерлерін байқау үшін пернесіз күйінде тартып та көрлі. Оның бар ықыласы домбырала отыр еді, есіктен кірген Әміре мен Қашаубайды алғашқыла сезбей де қалды. Қашаубайдың сәлемдескен дауысымен басын көтеріп:

— Жоғары шық, Қашаубай. Отырындар, дәм ауыз тиіндер. — деп, бәйек болып қалды.

— Нүреке, мына Әміре сізге барып ән тындаймын, домбыра үйренемін деп мазалай берген соң ерте шығып едім. Ермекбай балаларынан айырғалы елегзи беретін болды, жалғызсырайтын түрі бар. Сіздің қасыңызда болсын, кешке ертіп кетермін, — деп, Қашаубай кетуге ыңғайланды.

— Сен де отыр. Керегі ән болса, әкесіне де, баласына да жетеді — деп, Нұрта әдеттегі ақжарқын мінезін көрсетіп, қарқылдап тұрып күлді.

— Нүреке, мен күн батқанша жатақ қаласына екі рет барып оралуым керек. Май жәрменкесі таянып қалды деп, қоғамыз тыным беруді қойды ғой.

— Онда жолыңнан қалма. Көлігіңді қасындағылармен қайырып жібер де, өзің мұнда ертерек кел, аз уақыт болса да алаңсыз отырып әңгімелеселік. Салиқа жеңгеннің азнаулақ сақтағаны да болар, — деп Нұрта бәйбішесіне көз қыйығын тастады.

— Ертерек кел, қайным. Өзіңе сақтаған бір шұжырым бар екені рас. Ағаң күзетіне кетіп қалмай тұрғанда келгейсің, — деп Салиқа жеңгей де шырайлана қолқа салды.

— Жарайды, — деп Қашаубай қызметіне кетті.

Әміреге қасынан орын беріп, Нұрта жаңа домбыраға перне сайлауға кірісті. Ол әр пернені өз орнына дәл қою үшін перне таққан сайын неше түрлі әннің ырғақтарын тарта түсіп үзіп тастай берді. Домбырашының перне басқан саусақтарын бағып отырған Әміре, бастала түсіп үзіліп қалған әндердің бәріне де құмарта құлақ түреді. Аяқталмай қалған әндердің соңғы қайырмаларын естігісі келіп Нұртаның қызыл шырайлы жүзіне үміттеніп қарайды. Бірақ, перне түгел байланып болғанша Нұрта ешбір әнді шегіне жеткізіп тартпады. Он екінші пернені орнына қойып болғаннан кейін ғана «Қараторғайды» аяғына шөйін тартып өтіп:

— Балам, домбыраның бар кәдесі жасалды деген осы болады. Бұл саған арналып істелген домбыра, қолыңа ал да, тартып көрші, — деп домбыраны Әміреге берді. Бала жатырқай отырып домбыраны қолына алды да, сонау бір қайықтағы қыздан үйреніп қалған зарлы әнді тарта бастап еді, домбыра пернесіне ән жылдам орала кетті.

— Сен Абайдың әнін қайдан білесің? — деп, Нұрта баланың жүзіне тандана қарады.

— Ата, осы Абайдың әні ме? — деп, Әміре бұл әнді кімнен үйренгенін айтудың орнына, қарт әншіге қарсы сұрақ қойды.

— Я, бұл Абай шығарған орыс қызының әні. Бұны жатақ қаласындағы татар балалары көп жырлаушы еді, солардан үйренгенсің ғой сен.

— Самиктың гармоньна қосылып айтқан татар қызынан үйрендім.

— Ақмұрттың Самығы ма?

— Я.

— Ол гармоньды безек қақтыратын қу болушы еді ғой. Оның білмейтін әні жоқ шығар — деп, Нұрта өз ойларын баяндауға көшті. Әміре «Татьяна әнін» тартып болды да аңырып қалды.

— Сен бала шалды барылдатайын деп отырсың ғой. Бер домбыранды — деп, Нұрта Әміренің арманына енді ғана оралды.

Ол бұрыл сақалын сыйпап қойып, ерніндегі насыбайын тастап, көкрегін кенеп көмейін аршығандай болды да, домбыраның кей пернесін тағы бір түзеп, «Бұрыл тай» әнін тартты. Ол домбыра шегін оң қолдың бес саусағымен бірдей ұрып елпілдете тартқан жоқ, тек сұқ қолын ғана ойнатып, шеки тартып отыр. Ән ырғағын бір қайырып өтіп, кішкене тілді дірілдете шығатын қоңыр дауыспен әнді бастап кетті. Әннің асқак үнді тілейтін жерлерінде Нұрта айғайдан гөрі, ырғақты дауыспен қайыруды сүйеді екен. Әнші осы бір жерде сүрінеді-ау, әннің мына бір жерін қалай көтеріп әктер екен деп хауіптенетін кезеңдердің бәрінен де Нұрта еркін өтті. Әншінің әр қыймылын бақылап отырған Әміре Нұрта даусының күштілігіне емес, әншінің айту шеберлігіне айызы қанғандай. Ол ернін жыбырлатып қарт әншіге ішінен қосылып та отыр.

Нұрта «Қорланды» да, «Сырымбетті» де сол сарын, сол мөлшермен айтып өтті. Әміре тағы да айта түссе екен деп құмартады. Бірақ, қарт әнші даусының көтермейтіндігін ескеріп, жас шағындағы күндерін, өтіп кеткен әншілік дәуренін еске түсіріп әннен әңгімеге көшіп кетті...

Нұртаның үйі Семейдің Ертіс жағасына қарай ойыса тұратын қала кедейлері салған көп барактың бір шетіне болатын. Ақшам жамырай далаға шыққан Қашаубай, көпірден өтуді әрі бұрыс көрді, әрі сонша-

лық жерге жас Әмірені жаяу жүргізгісі келмеді. Ол Ертістен қайықпен өтуді мақұл көрді. Паромшының жалаң қайығын жалдап алды да, арғы жағаға байлап кетпек боп келісіп, Қашаубайдың өзі қайық есті. Әміре Нүрекең сыйлаған ақ домбырасын қолына алып қайықтың орта шеніндегі орындыққа отырды.

Арнасы кең, суы мөлдір, саясы самал өзен айлы түнде ерекше сулуланып кеткендей. Қайық ернеуінен төменге көз тастаған Әміреге, өркештенген ақша бұлтымен, толықсып туған ару айымен, маржандай тізілген жарық жұлдыздарымен Семей аспаны Ертіс суының түбінде жатқандай болып көрінеді. Ол ай астынан арғы жағаны көрсем деп алысқа көз жібереді. Бірақ, ағысы қатты Ертіс бетінен жан-жағына нұрлы шұғыласын төгіп қалтылдап тұрған ай сәулесіне қайта кездеседі. Су бетіндегі сұлу көрініс баланың ойын тербеп, жүйрік қыялдың қанатына мінгізіп алыс сапарға алып ұшқандай. Нұртадан жаңа ғана естіп шыққан «Сырымбет» пен «Қорлан» әндерін Әміре домбыраға қосуға талаптанғандай. Жаңа ғана үйренген әннен жаңылып қала береді. Нұрта қартқа қайта барғысы келіп те мазасызданады. Осы әннің осы бір жерін қалай қайырушы еді, дегендей үнсіз отырып ойға да шомады...

Баласының домбыра қағысын бақылап келе жатқан Қашаубай, ән ырғағын іздеп әуреленіп отырған Әміренің көңілін басқа жаққа аударғысы келіп:

— Әміре, көремісің мына бір жалаң қайықтың жұлдызша ағуын. Семейге асығып бара жатқан біреулер ғой, — деді.

Әміре алға көз жіберсе, екі жағынан екі кісі құлаштап ескен жалаң қайық ай астында сумаң қағып сырғып келеді екен. Қайық ішінде ескекшілерден де басқа адамдар бар сыяқты. Олардың орысша сөйлескен сөздері мен көңілді күлкілері, қашықта келе жатқандығына қарамастан, Әмірелердің құлағына айқын естіліп тұр. Сөздеріне еркін түсіне қоймағанымен күлкілеріне қарап Қашаубай олардың Плещеев заводының түнгі сменасында жұмыс істеуге бара жатқан жатақ қаласындағы орыс жастары екенін аңғарды. Олар күлісе отырып ән бастап кетті. «Вниз по матушке по Волге» деп басталатын орыс әні Ертіс толқынындай ырғала көтеріліп тынық дүниені жаңғыртырып жіберді. Ән өзегінде бурқанған керемет күш жатқандай. Еділ бурлактары жырлайтын ән орыс халқының басындағы мұң мен арманды Ертіс арнасына төгіп, қазақ қайғысымен ұластырғандай.

Қарсы келе жатқан қайық қастарынан өте бергенде, әлгібір ән аяқтала бастаған еді. Сөзін еркін ұқпағанмен әннің жалпы сарыны көкейіне қонған Әміре, қасынан сыр етіп өте шыққан қайықтағылардан көз алмай, тесіле қарап отыр. Ол өз ойындағыларын әкесіне баяндағысы келіп:

— Аға, мынау неткен жақсы ән еді! Орыстың тілін білсем үйренер едім, — деді.

— Қарағым, бар өнер орыс халқында емес пе? Ерлік пен ізгілік салтына айналған елдің әні жаман бола ма? Әлі жассың ғой, амандық болса тілін де, әнін де үйренесің.

Әміре біраз ойланғандай үнсіз отырды да:

— Аға, мен орыс мектебіне түсем қайтеді? — деді.

— Әмірежан, бірден мектебіне тү-

су қыйын болар, әуелі орыс балаларымен араласып тілін үйрене берсейші, — деді Қашаубай.

«Білмесем, мектепте үйретпей ме?» деген ойын Әміре әкесіне айтқан жоқ. Ол орыс мектебіне оқуға түскен Дәулетті елестетті көз алдына. «Мен Дәулеттен кем болғаным ба?» деп те түйді. Бұл кезде Семейге кетіп бара жатқан жалаң қайық жағаға таянып қалған еді. Ішіндегі даусы зор біреуі тағы да «Степь да степь кругом» деп басталатын Ермак заманынан қалған ескі әнді бастап кетті. Басқалары қосыла жөнелді.

Ертістің кең арнасынан талықсып жеткен әнге Әміре тағы да құлақ түріп отыр. Ән ырғақтарынан амалы таусылып налыған жанның зары естілгендей. Бірақ, айтушылар әннің соңғы жағын арынды күш, ерлік сезіммен қайырады. Бұл әннен Әміре дала әндеріне ұқсастық та тауып отырғандай...

Әміре ойларын жатақ қаласын жаңғыртырған айғай бөліп кетті. Ол даурыққан адамдар даусына құлақ түре тындап тұрып:

— Аға, өрт, өрт десіп жүр, — деді.

— Қай сорлының үйі өртенді екен? Анау шұбатылта шыққан түтін тегін емес қой. Ал, Әміре, тезірек қалаға жетейік.

Олар жар басына шыға келгенде, жатақ қаласының арғы шетінен қою түтін аспанға өрлеп, жалаңдаған қып-қызыл жалын бір өшіп, бір лап етіп жатыр екен.

— Әмірежан, біздің үй емес пе?

— Кім білсін...

Әкесі мен баласы өрт қасына қалай, қанша уақыттың ішінде жеткендігін аңғарған жоқ. Олар қою түтін мен қызыл жалынның құшағындағы өз үйін көріп, өрт сөндірушілер тобына араласты. Өрт сөндіруге бүкіл жатақ қаласы жабылып кетіпті. Бірақ, алғашқы шыққан бетінде жалғыз Тойғанға ырық бермеген жалын дегеніне жетіпті. Кәзір жалын сөнді, тек шым қабырғалардың арасынан будақтай шыққан ащы түтін ғана жұрттың көзіне кіріп мазалайды. Өртшілер де тыным





алып, Қашаубай үйінің орнына аяныш сезімдерін төге қарасып тұр...

Сол бір айлы түнде Қашаубай мен Тойған екі баласын бауырына басып тағы да далада отырысты. Бұл жолы жыртық алашадан да айрылған еді. Олардың бар тіршілігі шым қабырғалардан будақтаған қою түтіннің астында қалғандай. Қытымыр өмірдің төтен соққысы тутандырған кейістік сезімін таратқысы келген Қашаубай:

— «Үмітің өртенсін!» деген қарғыс иесін бүгін қалада көріп едім. Көз қыйығында кек ұшқыны бар еді. Мырзаның шалған жері осы болғаны да. Бірақ менің үмітім шым үйшік емес екенін қайдан білсін қанды көз. Менің үмітім — сен екенін ұға ма ол? — деп, Әмірені маңдайынан сүйіп орнынан тұрды.

Қашаубай ауыр ойларын сергіту үшін жатақ қаласының дала жақ шетіне шығып кетті. Ол қыр басында, Қарқаралы жолының үстінде, әр жерден жылтылдаған қалашылар отын көрді. Сол оттардың бірінің түбінде Хасен мырза да отыр-ау, кездесер ме едім злыммен деп құшырланды...

Қашаубай қыялының болжауы анық еді. Екі ұрысын қасына ертіп қаладан салт шыққан Хасен өз керуеніне келіп түнеген. Екі ұры жарыса сөйлеп, қожасына жарамсақтана жалтақтап, жатақ қаласындағы өрт жайын әңгімелейді. Хасен оларды қостап:

- Кесір кедейге ол да аз! — деп, мекіренеді.
- Мырза, сол кесірінді өлтіріп келсек қайтеді.
- Қажеті жоқ, қорлықпен өлсін...

Екі ұры сөзден бөгеліп үнсіз отыр. Хасен өз қыялына өзі ұйып, аспанның ай оранған ақша бұлтына көз тастайды, қыял қусының қанатына мініп саяхатқа шығады.

— Кетіндер, сұмырайлар! Ақша сұрап алақандарыңды жайып отырсындар ма?! — деп ызаланады. Өңімен түсім артық дегендей көзін қайта жұмып қалғый бастайды. Екі ұры қожасының бетіне үрейлене қарасады...

Ертіс жағасындағы қалың құжыраның шетіне быйыл күз Қашаубайдың шым лашығы қосылды. Екі бөлмелі аласа үйдің ортасын бөлген жалпақ пеш Қашаубайдың мекені болғанына екінші айдан асып барады. Жаңа баспана салу әрекеті мен ауыр жұмыс екі жақтап иығына мініп, быйыл күз Қашаубайдың көкірек ауыруы тіпті меңдеп кеткен еді. Екі ай бойы төсек тартып жатқан Қашаубайдың кешеден бері көзінің алды көкшіл тартып, қол-аяғы мұздап, сырылы ұлғайып кетті. Жатақ қаласында дәрігер де жоқ. Семей дәрігерлерінің көбі түсім түсерлік науқастарды ғана емдейді. Бірнеше рет шақыртса да екі ай бойына Қашаубай есігін ашқан бір де дәрігер болмады. Бойынан дәрмен кете бастағанын сезген науқас, көз жұмар сағатының да жақын қалғандығын аңғарғандай.

Екі жылдан бері төте оқу мектебіне түсіп хат танып, оқуға деген қумарлық сезімі қайта ояна бастаған Әміре мектептен қайтса, әкесі әлсіз жатыр екен. Басын сүйеп отырған Тойғанға Қашаубай, қырыл аралас көмескі үнмен бірдемелер айтып жатқан тәрізді. Оның сөздерін Әміре айқын ести алған жоқ, үзіліп шыққан дәрменсіз үндерден құлағы шалғаны:

— Бекем бол... Әміре... оқый ал... май... ды-ау!

Бұл Қашаубайдың ең соңғы арманы мен өсиеті еді...

Келесі күні кеште шым лашыққа сықсыйма шам да жағылмады. Күн сайын құлақты кеміретін науқас сарынынан ада болған лашық іші қараңғы көр тәрізді. Жалпақ пештің үсті де бос тұр. Екі бала анасының тізесін жастанған бойы, жылап жатып уйқтап та кетті.

Бөрібай қақпасының алдына елең-алаңда келген Тойған ат суарып қайтқан Әлпейісті ұшыратты. Амандық біліскеннен кейін Әлпейіс қолының қысқалығын айтып, Қашаубай марқұмды жерлесе алмағандығына кешірім сурады. Сол сәтте түнде жауған көбік қарды күреуге төрт-бес жігіт шығып, ағаш күректерін суманда тып іске кірісті. Қора тазалаушылардың қасына Бөрібай да келді. Жігіттеріне бірер сөзбен бұйрық беріп, саудагер конторына беттеді. Жүгіре басып соңынан ерген Тойған Бөрібайға контор есігінің алдында жетіп сәлемдесті.

— Не шаруаң бар? — деп саудагер әңгімеге тым шұғыл, қатал пішінмен кірісті.

— Шалымыз қайтыс болған еді... деп Тойған мәңжайын баяндай бастағанда, Бөрібай төзімсіздік білдіріп:

— Естігенмін. Ажалы жеткен соң өлгендағы. Оның өлімінен мен де пайда тауып тұрғаным жоқ. Аурумын деп ол менен алты сом қарыз алып еді. Көзі тірісінде сөзбидаға салды, енді ақша керек болса, көріме кір дегендей өле қойыпты ғой. Қарызымды сенен қайыру қыйынға түсетінін білемін... Шаруанды айт.

— Тірі жанбыз ғой, қарызыңыз болса, төлерміз. Мен екі баламен қалдым ғой. Соларды бағу қыйын болып барады. Әкесі марқұм Әміренің оқуын үзбеймін деуші еді. Оның да қыюы қашып барады. Не көмегіңіз бар?

— Тарақты ұрпағының аузын аша келетін салты маған мәлім. Не берейін? Сенің балаң оқу оқып адвокат болмақ па? Оқу оның не теңі? Ол Қашаубайдан артық болмақ-ау?! Жұмыс істеп күнін көрмей ме? Аузы асқа тисе, баламды оқытып төре қыламын деп кергітін жатақ кедейінің салты болып кетіпті. Сендерді де желіктірген сол әдет қой...

Тойған саудагер сөзінің кекесін жағы басып бара жатқандығын аңғарып, көкірегін кернеген ызаны сыртқа шығармай, көзге іркілген жасты кірпігіне жасырып әңгіменің бетін басқа жаққа бұрды.

— Бөке, кейімеңіз. Әкесі марқұмның арманы сол болушы еді. Ол сорлының арманы өзімен бірге көрге кіргенін енді сезіп тұрмын. Менікі бір далбаса, дәтке қуат сөздер ғой. Әйтпесе менің балам оқый алмайтындығына өз көзім де жеткендей... Сіз не өзіме, не балама қызмет беріңіз. Күнімізді көрелік. Рақымыңызды осындай қысылшаңда көргіміз келеді.

— Манадан бері осылай жөнге көшуің керек еді. Инеліктей бұралып тұрған сенің қолыңнан не келуші еді. Қызыңнан да береке шықпас. Ертең ұлың келсін, жұмыс тауып беремін. Бірақ, оның сауықшыл көрінеді ғой, сағым қуған шайтандай өлең қуып кетпесін, жұмыс істейтін болсын, — деп Бөрібай сары жібек орамымен көзілдірігін ысқылай сұртті.

— Рахмет, — деп, Тойған қақпадан шықты.

Әміре сол күні соңғы сабағынан қайтты. Шешесінен Бөрібайдың уәдесін естіді де, артық жауап қайтармай, төр алдында қыйсайып жатып домбырасын шерте бастады. «Бөрібайдың жұмысын істесем болмай ма, оның әнімде шаруасы қанша» дегендей түсі сұрланып, өткір көздерін лашық төбесіндегі қарағай шыршаға қадап үнсіз жатыр. Ішіндегі бар арманы мен өкінішін домбыра шегіне баяндатқандай. Оның тартып жатқаны әдеттегі ән емес, белгісіз бір сарын. Домбыра сазы баласы өлген қаһарлы қанның да уытын қайтарған жоқ па? Кісі алғаш рет дүние есігін ашқанда, оны өмірге әкеп қосатын да домбыра сазы емес пе? Жаны ашыр жақынын келмеске аттандырғанда, қазақ шерін осы домбыраға сөйлетпейтін бе еді? Әміренің көкрегін кернеген ызаны да баяндап жатқан домбыра. Ол кейде ұзақ сарынға түсіп алып бебеу қағады да, кейде үстіңгі шекті бесінші пернеден басып жүрек назын шертеді. Жаңа ғана төселіп, кітаппен достаса бастаған шағында оқудан қол үзуі — Әміре үшін әкесі өлгеннен кейін көрген соққысының ең ауыры еді. Ол болашағының өмір соқпағының қай сұрлеуіне түсіп адасатынлығын болжай алмай назаланады. Сол түні Әміре шешінген де жоқ, асқа да тұрған жоқ, кірпік ілместен, күздің ұзақ таңын көзінен атырды. Бала сырын жүрегімен ұққан анасы да, төсекке жатқаны болмаса, ұйқтай алмады. Таңертең Бөрібай үйіне кеткен баласына сырттан қарап тұрып көзіне жас алды ана.

8

Таң алдындағы тәтті ұйқыда жатқан Әмірені Әлпейіс қарт оятты. Жылы бөстектің арасынан екі көзін уқалай ояңған баланың еңсесін ұйқы басып барады. Ол есіней отырып жылдам киінді де, есік алдындағы ақша қармен бетін бір ысып, Әлпейіс қарттан сабақ ала бастады.

— Сен аттарды жетектеп апарып ойықтан суар, сонан соң мен аттарды жегейін, сен үйрен, — деді Әлпейіс.

Бала ұстаз сөзін екі етпей іске кірісті.

Түнде жауған ақша қарды жер бетіне бекітіп кеткісі келгендей сақырлаған сар аяз ызғарлана түседі. Қақпа алдындағы қос торы жегілген күймелі шананың ат айдаушысы отыратын жерінде, сенсең тонымен тізесін қымтай түсіп, елтірі құлақшынын баса киіп, тері қолғаптың жыртқық бармағын алақанына жымыра басып, Әміре отыр. Оның аяз сүйген бетінің ұшы қызарып, кірпігіне қатқан қырау іштен шыққан жылы демге буланып қалыңдай түседі. Сулыға піскен қос бе-

деудің арыны жас балаға қорқыныш сезімін тудырғандай. Ол нәзік саусақтарына бар күшін жыйып, делбені ымқырулы ұстап, арындаған аттардың ауыздығын шіррей тартады. Сын үстінде отырғандығын да аңғарады.

Әміренің бойын билеген үрей ұшы-қыйыры жоқ не бір ұзақ сонар ойлармен ұштасады. Оның көз жанарынан болашақ өмірдің сала-сала жолдары таралғандай. Соң көп жолдың қайсысына түсіп бақыт іздесем екен деп бала ойға қалады. Бір уақытта ұшқыр қыял оны Дәулет бөлмесіндегі оқыйғаға алып келді...

Сол сәтте шымқана оранып, қызара бөрітпін Бөрібай далаға шыққан еді. Атшы бала өз қыялының ұзақ сонарына түсіп кетіп қожасының далаға шыққанын да сезген жоқ, жүруге дайындал деп ым қаққан Әлпейістің ишаратын да ұққан жоқ.

Гимназист баласы Дәулет пен Бөрібай екеуі шананың екі жағына асыла бергенде:

— Қалаға! — деген Бөрібай даусы гүж ете түсті. Тұрпайы үн Әміренің құлағына ызғарлы үскірік демінен де қатал тиді. Ой өлкесінде қаннен қаперсіз отырған бала абыржып қалған бойында делбені де қағып жіберді. Көсемдегі жінішке торы аспанға атыла бір қарғып шоқыта жөнелді де, түптегі жуан торы тұқшыйып алып бөкен желіске басты. Олар ілезде жатақ қаласының шетіне шығып кетті.

Қос торыны ырқына көндіруге көзі жеткен Әміре тәтті қыялға қайта оралды. Ол кеше кешке Дәулет бөлмесіне кіргенде, көрген үй салтанатына біресе кү-



мартады, кейде қызғаныш сезіміне беріліп, астам сөйлейтін қаңғалақ Дәулеттің бір басына соншалық салтанатты қыйғысы келмейді.

Әміре Семейге келген жылы Дәулетпен Ертіс жағасында кездесті. Әдемі киінген, орысша білетін қала баласы Дәулет алғашында Әміреге қол жетпес мұнара болып көрінді. Көп уақытқа шейін Әміре онымен ойнауға да бата алмай жүрді. Алғашында қол тисе кірлеп қалатын сурет сыяқты болып көрінген Дәулет, бірте-бірте жатақ балаларымен араласып ойнап кетті. Жар астында отырып саздан ойыншық жасағанда, өзен жиегін қуалап қармақ салғанда, көбелек аулауда Дәулет үшін Әміреден өнерлі бала табылмады, Әміре ой-

ының көп саласында Дәулетке ұстаз болып шықты. Соңғы үш-төрт жылдың ішінде бұлардың арасындағы ойын достығы үзіліп кеткен еді. Оған себеп болған Дәулеттің қыс Семейдің орыс мектебінде оқып, жаз шыға әкесіне еріп қырға шығып кетуі болды. Бөрібайға атшы болған күннен бастап Әміре Дәулеттің сыртын көріп таңданды. Оның қынай белді мауыты киімдері, күмістей жалтыраған ақ түймелері, қолынан тастамайтын сары былғарыдан жасаған сумкасы Әмірені қатты қызықтыратын болды.

Бір күні Дәулеттің оқудан қайтқанын көріп, Әміре бөгелместен оның бөлмесіне кірді. Шағын шаршы бөлменің есігін ашқан бетте Әміре үй салтанатына таңырқап табалдырықта тұрып қалды. Оң қабырғадағы қақпағы жабулы сырлы шкаф, сол қабырғадағы түрлі түсті бояулармен салынған үлкен карта, есіктің сол босағасы мен бұрыш арасын алып тұрған, сүйектен ойып өрнек салған, қызыл ағаш кровать, оң босағадағы қара пианино, төр алдында терезе түбінде тұрған үлкен стол оның екі жағындағы былғарымен тысталған екі кресло, бүкіл еденді алып жатқан түкті кілем — осының бәрі көбелек ұстай алмайтын Дәулеттің дүниесі. Қалай таңданбасын Әміре! Үй ішінің салтанатын бір шолып өткен Әміренің назары столға асылып кітап ашып отырған Дәулетке тоқтады. Бірақ, Дәулет Әміренің есік алдында тұрғанын аңғармады. Менсінбейсің ғой деп Дәулетке кектене қараған Әміре, еркін басып стол қасына келді.



— Дәулет, мына кітабын не айтады?—дегенде, Дәулет жалт бұрылып Әміренің бетіне оқыс қарады. «Қайқы бас жамаулы пиманмен кілемді ыластамай шық үйден!» дегісі келіп оқталып еді, жөппелдемеде аузына ұтымды сөз оралмады. Кітап жайын сұрағанда өзінің надан әкесіне мақтанатын әдеті есіне түсіп:

— Бұл дүние жүзіндегі атақты қалалардың суреті басылған кітап. Не жазғанын оқыр едім, сен орысша түсінбейсің ғой — деді.

— Қазақшыла. Неге түсінбейін? Сөзге түсінбейтін адам бола ма?

— Ал қазақшылайын. Мынау Петроградтағы патша сарайы, мынау Москвадағы Кремль, мынау Лондонның Гайде-паркі, мынау Берлиннің Рейхстагы, мынау Париждағы Эйфель мұнарасы... деп, Дәулет кітабының әр бетін ашып, не бір тамаша суреттерді көрсетіп тұрып сөйлеп кетті.

— Бұлардың керегі не? — деді Әміре, Дәулеттің шұбыртпа тізіміне түсіне алмай. Тосын сураққа ұтымды жауап таба алмай, абыржып қалған Дәулет, Әміренің бетіне ажырая қарап тұрып:

— Бұлар дүниенің көркі! Түсіндің бе? — деді.

— Түсіндім, — деп Әміре басын изеді де, — бұлар дүниенің көркі болса, біз неге барып көрмейміз? — деп тағы да сұрау қойды. Ерке Дәулет өзінің жайшылықтағы ойын осы сұраққа жауап беру үстінде аша баяндауды көздеп:

— Мен жұртты аузына қарататын атақты Плевка сыяқты адвокат боламын. Сол кезде Париж, Лондондарға барамын, — деді.

— Мен де барамын.

— Ойламайсың, Әміре, ақшаң жоқ, надансың, сен қалай барасың?

— Я, солай екен-ау, — деп Әміре күмілжіңкіреп қалды. Оның ойына шешесі Тойғанның сөзі сап ете түсті. Өткен кештердің бірінде: «Әмірежан, сен оқый алмайтын болдың ғой, айына алатын екі сом үй ішінің талғажуынан артылмайды...» деп анасы шерін төге сырласқан болатын.

— Мен адвокат болып аралаймын үлкен қалаларды. Ал сен атшысың, қайда бара аласың? — деп Дәулет өзінің өктем ойларын мақтаныш сезіміне бөлей сөйледі. Әміре алғашқы тоқырау сезімін сырып тастап, құрбысының еспе мінезіне кектене, кеудесін кернеген намыс жалынып сыртқа шығара сөйлесуге іштей бекінген еді.

— Солай-ақ болсын. Сол қалаларға сен-ақ бар. Сонда сен жаяу барамысың? Саған атшы керек емес пе? Мені атшың есебінде ерте кет. Ақшаң көп, атшының қанша ауыртпалығы бар.

— Сен бишара, осы күнге шейін темір жолды да білмейді сенсің ғой. Кісі алыс жолға атпен жүре ме екен?

— Неге жүрмесін? Хасен мырзаның әкесі Мекеге ат жегіп барған жоқ па? Ол қалаларың Мекеден алыс деймісін.

— Ол Меке, бұлар басқа қалалар. Бұларға поезбен барады.

— Жарайды, солай-ақ болсын. Сонда поезға сенің жүгінді көтеріп салатын, сен ұйықтағанда күзетші бо-

лағын, тамағыңды әзірлеп беретін кісі керек болмай ма? Жат жерде серік боларлық жолдас керек емес пе? Ол үшін қанша оқымыстылық керек. Мені серік қып ерте кет. Сенің салтанатыңды бұзар деймісің мен?

— Екі күннің бірінде үйіңе қайтуға қорқып, Әлпейіс қарттың мазасын кетіріп, зікір салған бақсыдай, түні бойын ат қораның аузында сарнаумен таңлы атырасың. Сені ерткенде қай бір серікке жарыймын. Сен серік болып не оңдырасың.

— Мен Әлекеннің қасында отырып ән салып, әншілікке жаттығып жүрген жоқпын ба? Әлекен жақсы әнді ұға да, тыңдай да біледі. Сен деймісің жұрттың бәрі ән ұқпайтын топас. Батырлыққа сен де мақтана алмасың. Білеміз ғой сенің де ерлігіңді. Талтүсте Семей мен аралықтағы көпірден жалғыз өтуге қорқасың. Сен жалғыз жүріп дүниені қалай араламақсың?

Әміре сөздері шымбайына батып, осал жерлерін жалаңаштап бара жатқандығын сезген Дәулет, ашу шақырып:

— Шық үйден! Енді қайтып мұнда келуші болма! — деп айғайлап жіберді. Әміре үн қатпастан үйден шықты да, ат қораның есігіне сүйеніп тұрып жылап жіберді. Бізамен аралас тұтанған кек жалыны оның кіршіксіз адал жүрегін тілім-тілім етіп кеткендей болды...

Міне, сол минуттағы ызаның оты Әміренің аяз сүйген алма бетінде қайта тұтана бастаған сыяқты. Ол күймелі шанада көсіле жатып, нұылдап өлең айтқан Дәулетті шанадан аударып кеткісі келіп онтайланады. Бірақ, Бәрібайдан сескенеді. Қап, деп ернін тістеп қос торыға оқыс қамшы басады...

## 9

Сұлу толы астаудың бір басына шығып алып қос торының жалын тараған бала жігіт ән салады. Сұлу үндер бірінен бірі асып түсіп жатыр. Ән ырғағы бірде баяулай шығып көңіл күйін қытықтайды, бірде шырқалып шығып аспанға өрлейді. Атқора есігінен ақтарылған сұлу әндерді көктемнің өкпек желі іліп алып не бір қыйыр шеттерге, алыс белестерге апарып тастайды.

Атшы баланың әндерін қора сыртында тыңдап тұрған кісі екеу еді. Бірі Әлпейіс те, екіншісі Бәрібай үйінің бүгінгі қонағы, атағы «Қорлан» әнімен бірге шыққан әрі ақын, әрі әнші Естай болатын. Атшы баланың әдемі әуезіне араласа кейде таңдағы бұлбұл жырының бір ырғақтары, кейде түтек боранның ызыңы, кейде дауылды түнгі өзен толқынының судыры, кейде айдың көлдің үстінен көлбей ұшқан аққу қанатының зуылы естілгендей болады. Әншінің әсем үндерін құлақ құршыны қандыра тыңдаған Естай:

— Бұл кім? — деп сұрады Әлпейістен.

— Бөкеңнің атшысы Әміре дейтін жетім бала.

— Апырау, шын әнші атқораның ішінде жүр ғой.

«Қара торғай» әнінің:

«Қара торғай,  
Уштың зорға-ай,  
Бишара-ау, шырылдайсың-ай,  
Жерге қонбай-ай...

деген қайырмасы аяқтала бергенде, Естай мен Әлпейіс қораға кірді. Әміре сыйлы қонақтың қоңырсық иісті қораға кіргеніне таңырқап, әнін кілт тоқтатты да қарсы жүріп әдеппен сәлем берді. Естай сәлем орнына Әміренің қолын алып:

— Даланың асқақ әндерін атқораға қамауға болмайды, шырағым. Шығару керек кең жазираға, жаю керек жазық белге, тарату керек әнге сусаған елге. Тағы қандай әндерді білесің? — деді.

Әміре айтар сөзінен жанылып:

— «Қара торғайды» білемін, — деді.

— Ол әнді сүйетіндігіңе мен куә. Сұлу үнмен нашына келтіріп айтатындығыңды құлағыммен естідім. Бұл әнді марқұм Біржан сүйетін. Ән өле ме? «Қара



торғай» Біржанмен бірге көрге кірмеңгі. Әнді сүйген сауықшыл ел өшірмейді, өрістетеді ғой асқақ әнді. Сенің даусыңды естігенде, Біркекем тірілгендей болды. Тағы қандай әндерді білесің?

— «Бурыл тай», «Топай көк», «Сырымбет», «Қорлан», «Жыйырма бес», «Татьяна хаты»... деп, Әміре білетін әндерін қызыл жіпке тізіп шұбырта жөнелгенде, Естай оның сөзін бөліп:

— Осынша көп әнді кімнен үйрендің? — деді...

— Плещеев байдың былғары заводында тері күзетшісі болып қызмет істейтін Нұрта деген кісі бар. Ол түн бойы тері күзетіп отырып ән салады. Нұрекеңмен әкемнің көзі тірісінде танысқан едім. Кейбір күндері сол кісіге барып ән үйреніп қайтамын. Мені ән салуға баулып, домбыра бурауына құлағымды үйреткен сол кісі...

— Нұртаны мен білемін. Өз бойыңдағы өнеріңнің көзін ашарлық ұстаз тапқан екенсің. Бағы ашылар жігіттің қыдыры қасында болады деген осы. Әміре шырақ, сенімен кең сырласу керек екен, — деп Естай қонақ үйге қарай беттеді.

Әміре Естайдың әндерін Нұртадан үйреніп, сыртынан атына қанық болған еді. Өзін бір көрсем дейтін. Кәзір оның өзін де көрді, сөзін де естіді. Енді Естайдың жұрт мақтайтын майда қоңыр үнін естісем, ән өрнегін өзінен үйреніп қалсам деп құмартты Әміре. Өткір тілінен Бәрібайлар қаймығатын, асқақ әніне ел құмартатын, Естайдай атақты әнші болар ма едім, деген арман оның қыялын тербеп, пәзік сезімдерін қытықтайды. Ол әншілік жолға белін бекем байлаған тәрізді. Оның сол арманы алыстан жылт етіп көрінген үміт отындай көз алдында тұрды. Әміре сол үміт отына ентелей басып, асыға құлаш ұрғалы тұрған сыяқты...

Таңертеңгі шайдан кейін Естайдың шақыртуымен Әміре қонақ үйге кірді. Топас төрін бермес дегендей, ақ жастығын шынтағына басып, қонақ үйдің төрінде Бәрібай отыр екен. Оның келбетінен Естайды іштей жаратпағандығы, бірақ, ақынның нысанасына ілініп кетіп, жұрт алдында күлкі болып қалмайын деген арбасу сезімінің айқын көрінісін тануға болатындай. Естайды сырттай сыйлаған боп жадыраңқы шырай бере отырып

оның Әмірені шақырғанын ұнатпады. Ондайда маңдайындағы қатпары қалындап кетуші еді. Есіктен кірген Әміре Бөрібайдың жүзінен сол сырын аңғарды. Бөрібайдың оңжағында үкілі домбыраның құлағын бұрап күйіне келтірген Естай. Бұл екеуіне жалғаса отырғандардың шеткісі есік босағасына шейін келіпті. Естай алдырған болуы керек, көп ішінде Нұрта қарт та отыр. Сұйық шашын маңдайынан айырып сулап тараған есепші татар жігіт Әмірені қасына шақырып, оған оң босағадан орын берді. Естай домбырасын Әміреге ұсынып:

— Атқораның бұлбұлы, безектетші даланың «Қара торғайын», — деді.

Әміренің бозғыл бетіне қан жүгіріп қызарып кетті. Маңдайынан салқын тер де шып ете түсті. Бұрын топ алдына түспеген тұмса жүйрік көбендік білдіріп, тосырқап отыр. Ол домбыраны сөйлетпей, пернесін көзбен санап төмен қарайды. Әмірені ынжықтық жеңіп отырған жоқ, әйгілі әншінің алдында сыналудың жауаптылығы тосырқау сезіміне душар еткендей. Жас әншінің бөгелісін әріден аңғарған Естай:

— Бөгелме, Әміре, дүбірге араласпай, топқа түспей жүйрік сыналмайды. Шырқа, шырағым, — деді.

Әміре домбыраға қосып «Қара торғайға» басты. Оған «Қорлан» мен «Бұрыл тайлар» жалғасты. Әншінің үні қызған сайын шыйрай шығады. Әндерді бастауы мен аяқталуы да, домбыра қағысы да төселіп қалған әнші екендігін аңғартады. Әміренің дауысы ауыр әндерді де еркін қайырып отыр. Қызған сайын қысылуды да ұмытып кетті. «Қара торғай» мен «Бұрыл тай» әндерінің қайырмасында Әміре үні тіпті асқақтай шықты. Жас

әншіге ішінен еріп отырған Естай Әміреге үнділік жағынан ілесе алмайтындығын сезді. Үй ішіндегілердің бар ықыласы Әміреге ауған. Оның әншілігіне сүйсігендердің бірі «өркенің өссін» деп, батасын беріп, бірі алғыс айтып, енді біреулері таңырқасып тамсанып жатты. Әміре төрт-бес әнді айтып, маңдай терін сұрткенде:

— Тірі Біржан осы. Ән аруағы осы балаға қонған. Баланың бағын ашу керек, — деп Естай Бөрібайға сөз тастады.

Манадан бері атшы баланың өрен әндерін өзіне қыймай, іш тарлық сезімге беріліп, міз бақпай отырған Бөрібай:

— Естай, асырып айтасын-ау шырағым, қайдан Біржан болсын. Ауыл-үй арасына ермек боларлық даусы бар екені рас көрінеді. Бағын байлап отырған кім бар дейсіз, — деп ұнатпағандық белгісін сездірді. Естай әңгіменің артын ашудан жалтарып үндемеді. Әкесінің тізесін шынтақтай отырған Дәулет Әміреден қонақтар мейірін қызғанып, қабағын тыржыйтып, теріс айналып кетті.

Асқақ әндермен қоса туындаған көтеріңкі сезімдер су сепкендей сөніп, үй ішін көңілсіздік бұлты басқандай бола қалды. Естай Бөрібай сөздеріне мән бермей, ықыласын Әміреге қайта аудара бергенде, манадан сөзге араласпай, Әміренің әншілігіне ғана сүйсініп отырған Нұрта қарт, ойына алғанын ірікпестен:

— Естай шырағым, Әміренің әнді менен үйрендім дегенін әжуалау сыяқты көріп отырмын. Мен әнші емеспін ғой. Ендігі қазақтағы шын әнші осы Әміре — деді

(Жалғасы бар.)



О. БОДЫҚОВ

Әңгіме

Январь айының суық кеші. Түнімен жауып, таңата басылған қардың жұлдызға ұқсаған қийыршықтары батыр күннің сәулесімен шағылысып жалт-жұлт етеді.

Менің ыйығымда мылтық, қалың қарға малтыға, жидек ағаштардың арасымен кетіп бара жатырмын. Бет алысым — Сыр-дария. Жол бойы ешкімді кездестіре алмай, ішім пысып, бейсуат жүрген біреулер жолығып қалар ма екен деп із кесіп келемін. Бірақ, жорғалап кеткен қырғауыл, жорта ырғыған қояндардан басқаның ізі көрінбейді.

Әлден уақытта тоғай арасынан бір кішкентай алаң кездесті. Оның көлемі 400 метрдей ғана болғанымен, қалың ағашқа үйренген көз бір шолып өтуге тоқтай қалды. Сол минутта алдымда жүгіріп бара жатқан қоянды көрдім. Аң көрсе, аңшы шыдап тұра ала ма, ыйығымдағы мылтықты қолыма қалай жұлып алғанымды да сезбей қалдым.

Бірақ мен кезеніп үлгіргем жоқ, солжағымнан атылған мылтық даусы гүрс ете қалды да, бара жатқан қоян ұшып түсті.

Осы кезде алаңның екінші шетінен екі бала жүгіріп шықты. Олар менің тұрғанымды байқамаса керек, жүгірген беттерімен қоянға барып төнді.

Балалардың жаңа басталған аязға қарамастан, үстеріне жеңіл киім кигендеріне қарап, олардың алыс жерден шықпағандықтарын болжадым.

Олар мені өздеріне қарай жүргенімде ғана бір-ақ білді. Екі арамыз едәуір алыста болса да, кішісінің қорқып кетіп, үлкеніне қарай тығыла түскенін көріп келемін.

— Қорықпай-ақ қойындар, — деп айқайлады мен оларға.

Мен міне, олардың қасына келдім.

— Майлансын, балалар, — дедім мен оларға.

— Байлансын, — деді екеуі бірдей қосылып.

Біздер көп ұзамай шүйіркелесіп сөйлесіп кеттік. Мен олардан қысқы каникулда жүргендіктерін, үлкенінің аты Қалжан, кішісінің аты Рысбек екенін, біз тұрған алаңнан 3 шақырым жердегі «Талап» колхозының қой фермасына, үйлеріне келгенін білдім.



— Мен быйыл 8-класта оқыймын, — деді Қалжан, — ал, Рысбек 2-класта оқыйды. Сыр-дарияға осымен 5-ші рет келіп тұрмын. Быйыл Рысбекті әдейі ертіп шығып, оны да аңшылыққа үйретіп жүрмін.

— Ал, жүрсейік, — дедім мен оларға, — көп ұзамай қатты жел тұрып, боран болуы мүмкін. Боран басталғанша үйге жетіп алайық.

Менің сөзіме екі баланың құлағы елең ете түсті. Қалжан ересек адамдай маған ой сала сөйледі.

— Бүгін боран бола қоймас, қар жауған соң қатты жел бірер күнді өткізіп барып басталатын еді ғой, — деді ол.

Шынымды айтайын, табиғаттың заңын, оның сан-алуан құбылыстарын аңдап жүрген Қалжанның мына пікірі маған ұнап кетті. Мен оларға неліктен қатты жел болады деп ойлайтындығымды түсіндіре бастадым.

— Байқадыңдар ма, қардың жаууы тоқтағанына ұзақ уақыт болғанымен, күні бойы құстың ұшуы бірен-саран. Ал, мына батқалы тұрған күн жаң-жағына қызыл шұғыласын шашыратпай, дөңгелек теңгеше көк жикте сұрланып тұр. Қазірдің өзінде жел көтеріле бастап, аяз ғана болмай, суық леп соғуда.

Менің келтірген қарапайым мысалдарым екі баланың көкейіне қона кетті білем, жан-жақтарына сақ көздерін қадап, фермаға бет алды.

Біз дариядан өтіп қалың тоғайдан шыққан соң-ақ «Талап» колхозының қой фермасы көрінді. Әне-міне дегенше жетіп те қалдық.

Үйге келген соң Қалжан мылтығының ішін тазаламай, тек сыртын ғана сүртіп жатқанын байқадым.

— Мұның қалай? — деп сұрадым мен онан.

Қалжан уялған пішінмен үндемей төмен қарады.

— Біздің қой қораға соңғы екі түн бойы бір қасқыр келіп жүр, — деді ферма бастығы Әбіш ақсақал. Бірақ, күзеттің қаттылығынан қораға кіре алған жоқ. Міне, соны Қалжан атып аламын деп, 2 түн удайы аңдумен жүр. Кешке тағы да күзетке шығамын деген оймен мылтығын тазаламай отырған болу керек.

Қасқырдың хабарын естігенде, менің де құлағым елең ете қалды. Осы жолға шығуымның бір себебі қасқыр атып аламын ба деген ой еді. Мен қой қораның құрылысын сұрай бастадым.

— Қой қораға түсп, қасқырды аңдйық, — деп қуанып кетті Қалжан.

Қалжанның ұсынысына қарсы болмадым. Біздің сөзімізді естіген Рысбек, «қал» — дегенімізге көнбей, ол да ермекші болды.

Мен және екі жас аңшы үшеуіміз қой қораға келгенде, боран шындап басталып келе жатыр еді. Ақшандақ қар көз бен бетті қарып сабалап тұр. Қой қораның іші кең, әрі жылы екен. Қалжан екеуіміз төр жағынан тесілген алты ашық терезенің екі жақ шеткісінен орын алдық.

Дала алай-түлей боран, тастай қараңғы. Мен қараңғылыққа үйренген көзіммен алдыңғы жағыма тесіле қарап ішімнен: «я сәт, қанды басын бері тарт» — деп отырмын.

Қалжан мен Рысбек әлде неден шошынған кісідей тыпырши түсіп, астарындағы сабанды тысырлатумен болды. Олардың жүрексігендіктерін сездірмей, алдағы тұрған хауіпті үнсіз күтулеріне мен ішімнен риза болып, қолымдағы қос ауыз мылтықты қыса түсемін.

Түн ортасы ауған кезде қарсы алдымнан бір нәрсе қараңдағандай болды. Мен бірден сақтана қалып, қараңдағанға қадала түстім. Байқасам, аяғын аңдап басқан көкжал қасқыр, қораға қарай жақындап келе жатыр. Қасқырдың сәл алысырақ



екенін байқап, «апырмай, Қалжан асығыстық істеп, атып жібермесе игі еді» деп отырмын. Бірақ, Қалжан үнсіз отыр.

Мен, қасқыр оқ дәл тиетін жерге келді-ау деген шамада азғана көздеп, серіппені басып қалдым. Қараңдаған қасқыр сәл ғана тоқтап қалып, бір жағына қарай атыла қаша жөнелгенде, екінші серіппені басып едім, бірақ мылтық от алмай қалды.

«Әй, құтылып кететін болды-ау» деген ой маған сап ете қалғанша, мылтық даусы да шықты. Қалжанның оғы дәл тисе керек, құлап түскен қасқыр қайтып көтерілген жоқ.

— Жарайсын, Қалжаным, — дедім мен қуанышымды жасыра алмай.

Көкжал қасқырды үйге сүйретіп келгенімізде, Әбіш қарт мылтық даусынан оянып отыр еді.

— Мінеки, баланың алған бірінші қасқыры, бірінші олжа, — дедім мен оған.

— Жоқ, бірінші тиген оқ сіздікі, — деді Қалжан.

— Бірінші оқ менікі болса да, атып жыққан сен ғой, — дедім мен, — демек олжа да сенікі.

Қуанышты Қалжан Рысбекке жымыя қарап:

— Міне енді мектепке барған соң каникулда көрген қызықтарымызды, қысқы саяхаттарымызды балаларға айтып беретін болдық қой, — деді.

Қалжаннан кем қуанбаған Рысбек қасқыр аулаудың басы-қасында болғанына шаттана түсті.

# ҚАРАҚҰМДЫ

ҚАҚ

ЖАРЫП...

Г. СЛАНОВ

Орта Азияның картасына қарасаң, бетіне дақ түспеген жалпақ бір жапан жатыр. Бұл, белгілі Қарақұм.

Түркменстан жерінің оннан тоғыз бөлегін алып жатқан да осы құм.

Құм деген сөз-шөл деген сөз. Ендеше, жолға шыға қалсаң, жалпақ жерді алып жатқан Қарақұмды айналып қалай өтерсің. Ал, тіке жүретін болсаң, алдында азнаған құм бораны кездеседі. Көзінді, аузы-басынды аштырмай көрін шашқан тосқауыл — ол. Бір күн бұрын көрген шоқы-шоқы құм төбелері, айналып келсең, орнында жоқ. Әр жерде бір, қабанның қыяғындай ырсыйып сексеуіл, бұталар ғана қалыпты. Енді бір жерден ойдым-ойдым көкорай көрдім деңіз. Келесі жолың түскенде, ол жерде қолмен сызғандай ирек-ирек шағыл ғана жатады. Күннің ыстығы көрін төгіп тағы тұр. Қаның кеуіп шөлдеп барасың...

Қарақұмды мекен еткен бұрынғы елдер, сондай-сондай сұрапылдың талайын бастан кешірген. «Ана құдық, мына құдық, пәлен шыңырау, түген шыңырау» деген сөздер бір заманда адамға арман болған. Малы түгіл адамына тандай жіпсітер нәр таппаған ел баласы бір қауға суға таласып, қырғын тапқан күндер де өткен.

«Шөлдеп барам!» — деді Қарақұм, ауық-ауық төңбекшіп.

— «Су!» — деп қой маңрап, «су!» — деп түйе боздады. «Су, су!» деп өсімдік біткен иілді де бүгілді, құрады да желге ұшты. Қаңбақтар күйімен әуелеп кетіп жатты.

«Су, су!» — деді адам баласы.

Ғасырлар сол арманмен өте берді...

Ал, сонда, Қарақұмның маңында су жоқ па еді?

Бар болатын.

Қарақұмның шығыс жағын орап жатқан үлкен айдын бар еді. Айдын болғанда да қандай! Жылына елу миллиард текшеметр суы толқыған өзен еді, ол. Оның ескідегі аты Жайқын, бүгінгі аты Амудария.

Қартаны жайып қарасаң, басына қар жамылған Памир, Алай шындары бар. Биік-биік таулардан құлаған талай-талай өзендер бар. Солардың бәрі дерлік Вахш, Пяндж деп аталатын екі өзенге құяды. Ол екеуі қосылып, Орта Азияның жазығына түскенде, дария боп кетеді. Дарияға тікелей құятын Сурхан Дария, Кафирниган секілді өзендер және бар. Осынша су бір арнамен аққанда оның ағыны қандай болмақ десеңші!

Я, дария суы мол да, әрі асау да.

«Асау суды дегенімізге көндірсек. Қарақұмды қақ жарып, халыққа игі мекен етсек. Малға да жайлы, жанға да жайлы болмас па еді...»

Қарақұм, Амударияға қонысы шектесетін елдердің ежелгі арманы осы болды.

Бірақ, асау өзенді пайдасына жаратарлық күш ол елдерде де болған жоқ. Тілі жоқ табиғат күші қашанда адамға өз бетімен бас иген емес. Оны жеңіп алуға керек. Ал, Амудария күні бүгінге дейін адамға жеңдірген жоқты.

Табиғат күшін ғылым ғана жеңеді. Ғылым, өнерге жетілген адам ғана жеңеді.

Бұдан екі ғасырдан аса бұрын, ескі Россия-

ға өнер, ғылымның есігін ашам ба деген Бірінші Петр Амудария өзеніне зерттеуші топ жіберген. Қожа-Непес деген бір кісі дарияның Каспий теңізіне құйған ескі арнасы бар екендігін айтыпты.

— Дарияны ескі арнасымен әкеліп Каспий теңізіне құйса... Сол арадан қуатты кеме жолын жасаса... Ол арқылы Хиуа, Бұхар, Ауғанстан, Индия елдеріне катнас жасалса... Ел-елдің араласы күшейер еді; ғылым-өнер тарауға да, халық шаруашылығына да пайда болар еді...

Бірінші Петрдың ансағаны осындай мақсат екен, дейді тарихшылар.

Ол мақсат іске асу үшін дарияның суын Каспий теңізіне құю керек. Сонда Қарақұм да жанданбақ...

Одан бергі талай буын, талай ғалым, талай үкмет дария ағысын бұра алмаған. Оған өнер-ғылым күші жетпеген. Ғылым жетпеген соң, суды ансаған адам дария жайында талай аңыз шығарған. Әлгі Қожа-Непес деген кісінің айтқаны да көп аңыздың бірі екен. Әйтпесе, әуелден-ақ Каспий теңізіне құйған Амудария жоқ. Бұл асау дария арыны басылмаған күйде әуелден Арал теңізі мен Сарыкамыс көлінің ойпаттарына құятынын ғалымдар бүгін ашып отыр.

Ағысы мықты, суы мол дария ол ойпаттарды толтырған соң, бір заманда, ауысқан су ойпат-ойпатты қуалай, оңтүстікке көлбеген. Узбой деген ескі арна содан шығыпты. Бертін келе өзеннің ағынымен ілесіп келген топырақ ой жерлерді қыр етіп жібергенде, дария аралға қарай қайта аунаса керек. Қалың құмға әуелде бір қақалып, Арал ойпатына қайта ойысқан дария Қарақұмға ендігәрі беттеместей болыпты.

Судың ащысы да, тұщысы да бар. Арал теңізі қанша мөлдір болғанмен суы ащы. Ал Амудария қанша лай болса да, суы тұщы, сондықтан да пайдалы. Бүгінгі арнасында Аралдың ащы суын көбейтіп кемерін толтырғаны болмаса, дария суы ел пайдасына көбінесе аспай жатыр.

Құмның да құмы бар. Жалпақ жатқан Қарақұмды қақ жарып суы тұщы, әрі мол, арналы өзен ағызса... Туран деп аталатын жалпақ ойпаттың үлкен бір бөлегі малға да жайлы, жанға да жайлы, мәуелеген егін, ақ алтындай жарқыраған мақтаға, жасыл орман, саялы баққа толмас па еді!

Халықтардың осындай ежелгі арманына бүгінгі заманда біз жеткелі отырмыз, балалар.

Өткен жылдың сентябрь айында ССРО Министрлер Советі Түркменнің Бас Каналын салу туралы қаулы шығарды. Каналдың басы Қарақалпақ Автономиялық Советтік Социалистік

Республикасының астанасы Нұқұс қаласы қасынан, Такыяташ деген жерден алынады. Амудария өзенінің теріс аққан суы, ел тіршілігіне бұрылып, Қарақұмды қақ жарып өтеді де, Каспий теңізіне құйылады. Сонда, Амудария мен Каспийдің арасында жатқан жалпақ шөл дала жасанып жайнайтын болады.

Бұл екі арада жаратылыстың оңайлық келтіретін бір-ақ жері — ескі Узбой арнасы. Арна деген аты ғана болмаса, онда су жоқ, — ұйысқан қалың сексеуіл, қараған, жыңғыл, бұталарға толы. Ескі өзекке су құйып, үлкен арна жасауға күштің де күші керек.

Канал желісі Амудариядан алынған бойда Ташауыз ойпатын алпыс километрдей құлдап отырып, құмды жарған бойымен төрт жүз километр тың жер қазған соң, Узбой өзегіне ұштасады. Өзекті бойлап бес жүз километр канал қазылмақ. Мұның айналасы да баттасқан қалың, бұйра құм. Онан соң тағы да екі жүз километр тың жер қазылады. Канал желісі Каспийге құятын осы соңғы сапарында Небит-Дағ мұнай ордасын екі жақтап күзеткен Үлкен Балхан, Кіші Балхан деп аталатын тау жоталарының арасындағы қақпадан өтпек.

Картадағы Красноводск шығанағын жергілікті халық Қызылсу деп атаған. Амударияның Каспийге құйылар жері осы Қызылсу шығанағы. Канал салынып болғанда, қажеттің бәрі де өтеледі. Ащы сулы, тұзы мол сорлардың топырағы бүтіндей түлеп, орманға, өсімдікке толады. Канал бойын жағалай көшпелі құмға тосқауыл есебінде ағаш, сексеуіл егіледі.

Қарақұмды қақ жарған Бас Каналдың жан-жаққа бұтақтан кететін тоған, арықтары құмның шөлін қандырып, жасыл жайлау өрісін молайтады. Онда мыңғырған қаракул қойларын көретін боласың. Қарақұмда енді сексеуіл мен жыңғыл, дүзген ғана өспейді, ол енді мақта мамығына бөленеді. Дүние жүзінде мақтаны ең көп ететін Аргентина, Мексика, Иран



Узбойдың сортаң арнасы


болса, бұл үш мемлекеттің барлық егетін мақтасынан біздің советтік Түркменстанның жалғыз өзі егетін мақтасы бір жарым есе көп болмақ.

Мұның себебі ашық: Түркменнің Бас Каналы қазылып болғанда, оның жалпақтығы, суының молдығы Днепр өзенімен барабар болмақ. Ал, Днепр суы Европадағы ең алып электр станциясы — ДнепроГЭС турбиналарына қуат беріп отыр ғой. Түркмен каналының ұзындығын өлшесен, бүкіл Батыс Европаны кесіп өтіп, Жерорта теізі мен Балтық теізін жалғастыруға жетер еді.

Бас Канал соншама жердің көлемін, айнала төңірегін электр шұғыласына толтырады.

Я, бұл Совет Одағында құрылып жатқан коммунизм құрылыстарының бір жалғасы. Коммунизмнің бір қуаты — электр. Совет үкметі мен елімізді электрлендіру ісін ұштастырса — коммунизм дегеніміз сол болып шығады, деген данышпан Ленин атамыз. Совет өкметі орнатылған соң кешікпей-ақ, 1920 жылдың өзінде Ленин — Сталин елімізді электрлендірудің ұлы жоспарын жасаған болатын. Ол жоспар 1936 жылы үш есе, 1950 жылы онбес есе артық орындалды.

Осындай алып қыймылдардың ең ірісін көсеміміз Сталин өткен жылы бастады. Күйбышев ГЭС-і, Сталинград ГЭС-і, Каховка ГЭС-і, Оңтүстік-Украин, Солтүстік-Қырым каналда-



ры, Түркмен Бас каналы, Еділ — Дон каналы — осының бәрі де елімізді орманға бөлеп, электр шұғыласына, егін, мақта, малға толтырудың данышпандық жоспары.

Елімізде қуатты өнеркәсіп, алып заводтар болмаса, мұндай керемет құрылыстардың жоспары да жасалмаған болар еді. Алып заводтарымыз, қуатты өнеркәсібіміз коммунизмге бірте-бірте өтудің мүмкіндігін туғызды.

Қалың құмды қажарып ағып жатқан арналы бір өзен, айнала төңірегін арық, тоған, электр станциялары. О шеті мен бұ шетіне көз жетпейтін егінді өзі жүретін электр комбайн орып барады. Бір шетте электр тракторы паржыртып жүр... Жаңа арна тапқан өзендер бойында жайқалған бақ, алма, өрік, шие, алмұрт... Бітік орман, қалың ну. Шалғайлау бір шеттерде көкорайға тоқырап жайылған қалың

мал. Кіснесе тебісіп, ойнақтап жүрген құлын-тай. Жатық беткей, жондарды алып он мыңдаған қарақұл қойлары жатыр...

Қаракұмды қажарып осындай рахат өмір — коммунизм келеді!

Сол өмірді көреміз, біздер. Сөз жоқ көреміз, балалар!

## РЕКОРД ТУРАЛЫ ӨНГІМЕ

Р. РАЙЫМҚУЛОВ

Я, өңгіме рекорд туралы. Анау, мынау емес, дүниежүзілік рекорд, бұдан бұрын ешбір жерде, ешбір елде болып көрмеген рекорд жайында болмақ, ол. Тек біздің елде, совет адамдарының ғана қолы жеткен рекорд.

Бұл рекордтың иесі қазақтың қарапайым колхозшы әйелі Битай Тәтенова. Оның тұрар және дүниежүзілік рекорд жасаған жері осы өзіміздің Қазақстанда. Дәл айтсақ, ол кісі Талдықорған облысы, Киров ауданының Молотов атындағы колхозында тұрады. Сол колхоздың қант қызылшасын егетін звеносын басқарады.

Битай өткен жылы бір гектар жердің қант қызылшасынан 1906 центнер, 54 килограмм өнім жыйнады! Шынында да мұндай өнімді бұрын-соңды есітіп көргендер бар ма екен? Әрине, жоқ.

Бір ғана гектар жерден жыйналған мұншама көп өнімді ауызша айту оңай. Бірақ, соншалық табысқа жету, оны жыйнау оңай емес. Тіпті, басқаны былай қойып, тек сол даяр өнімді бір жерге үйсе, оның қарамы қандай болар еді десеңші. Сөз жоқ, кіші-гірім жота боп көрінер еді. Сөйтін, ол қыядан көзге түсіп өткеннің де, кеткеннің де назарын аударар еді.

Қант қызылшасынан кәдімгі қант жасалады. Қызылшадан қантты қант заводтары жасайды. Сондық-

тан, Битайдың бір гектар жерден өндірген жаңағы өнімін заводқа тез жеткізу керек делік. Сонда Битайдың қызылшасын заводқа жеткізу үшін үш тоннадан жүк көтеретін 62 машина керек болар еді.

Ал, Битай звеносының еккен қант қызылшасы бір ғана гектар емес, бес гектар. Оның звеносы осы бес гектар егістің барлығын қосқанда, әр гектардан орта есеппен 1041 центнерден өнім алды. Сонда звеноның барлық өнімі 5206 центнер болады. Мұны тасуға тіпті көп машина керек.

Біздің елімізде рекордшылар көп. Шаруашылығымыздың әр саласынан жыл сайын сан озаттар, алдыңғы қатарлы адамдар шығып жатады.

Өткен жылы осы Битай Тәтенованың жерлесі — Талдықорған ауданы, «Бірінші май» колхозының звено жетекшісі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты, Социалистік Еңбек Ері Ольга Гоноженко жолдас қант қызылшасынан мол өнім алуда дүниежүзілік рекорд жасады. Ол бір гектар жерден 1500 центнер өнім алды. Гоноженко жолдас быйыл да зор табысқа жетті — өнімді өткен жылдан асырып, 1600 центнерге жеткізді. Сол сыяқты Жамбыл облысының Жамбыл ауданы, «Красная звезда» колхозының звено жетекшісі, Социалистік

Еңбек Ері Дариха Жантоқова жолдастың да табысы ұшан теңіз. О да Битай сыяқты еңбек етудің өнерін көрсетті. Бір гектар қант қызылшасынан 1875 центнер, 29 килограмм өнім алды.

Шынында, осының бәрі де зор табыс, үлкен рекорд. Бірақ, осылардың бәрінен де шығандап асып түскен — Битай болды.

Бұдан он жыл бұрын Битай 14—15 жаста еді. Бұл оның ауыл өмірін аңғара бастаған кезі болатын. Бүгінгі оның өзі тұрған колхоз қыстағының орны онда жай тақыр жатқан бір дала еді. Тасығанда суы Тасты тауына дейін жәйіліп кететін Тентек өзені, өзін бас идірген күш болмағанға такаппарланғандай, толқынын тұлата ағып жататын.

Ауылдың осындай бір күндерінде, Битай жақын құрбысы — Зейнеппен сабақ соңында сайрандап келе жатты. Көктемнің көркем табиғаты нәр беріп барлық жан-жануарды рахаттандырғандай. Жалтара ұшқан көбелек гүлден гүлге қонып сайран құрса, жел лебіне желпіне көк майса жайылған кілемдей түрленеді. Осындай әдемі, қош иісті күндері кеуделерін кере дем алып, кетпендерін күн нұрына шағылыстыра жұмыс істеп жатқан адамдарды көрді, олар. Битай мен Зейнеп жердің қалың қыртысын қопара, кейде тасқа тиіп шақ-шақ еткен көп кетпенді дихандарға қарап ұзақ тұрды. Олар Тентектен Тасты тауына қарай тоған қазып жатқан колхозшылар еді.

Жас Битайдың еңбекке деген ықыласын арттырған және еңбекті құрметтеуге үйреткен алғашқы мектебі сол күнгі көргені еді. Осы күннен бастап еңбек үні оның құлағынан кеткен емес. Колхозшылар сол жылы өн бойы 50 километрге созылған 9 қатар тоған қазып, жаңа егістікті меңгерді.

Я, жаңа егістікті. Ол егістік — қант қызылшасы екен. Бұрын, сонды егіп көрмеген, тарихы мен келер табысы белгісіз егістік.

Битай осы жаңа дақылды алғашқы егушінің бірі болғанын, одан ұшан-теңіз өнімді алғанын жыр етіп айтады.

Содан кейін он жыл ішінде Битайдың ауылы 500 үйлі колхоз болған. Алғашқы жылдары қызылшаның ең бітік өскен гектарынан 100 центнер өнім түскен. Кәзір бұл колхозда гектарынан 400—500 центнерден өнімді қай звено, қай бригада болсын ала береді.

Битай еңбекте үлесі көп адамның бірі. Оның бұл жөніндегі үлгісін жыйнақтап айтқанда былай екен. Ең алдымен Битай жалығу дегенді білмейді. Жұмыс істеумен қатар, өздігінен көп үйренеді, оқыйды, көп ізденеді. Советтік агротехниканы меңгерген үстіне, меңгері береді. Оны жоғарыдағыдай зор табысқа, Социалистік Еңбек Ері деген ардақты атаққа жеткізген, данққа бөлеген де осы істері.

— Еңбек ерінбегенге жеміс береді, — дейді ол. — Түн ұйқыңды төрт бөлетін кез жиі кездеседі. Қолыңа ертеңгі ұстаған кетпен кешке дейін түспейтін уақыттар да болып тұрады.

Оның бұл сөзінде де мән көп. Өйткені, қант қызылшасы деген бабымды тап деп тұрған бір өсімдік. Ол күтімді, бапты жақсы көреді. Бейне сәби сыяқты. Бір күн қарамасаң, керегін беріп, тілегін орындамасаң кінәреттеніп, дереу кері кетіп қалады. Сондықтан қант қызылшасын егу, баптау, суару, тәрбиелеу — аса көп әрекет пен ерекше машақатты керек етеді.

Әңгіме рекорд туралы еді. Оның қай саладан болса да еңбекпен бола-



Битай Тәтенова

тыны анық. Соншалық еңбектен, қолжеткен рекордтық өнімнен алар ақы, түсер пайда туралы айтайық.

Битай быйылғы еңбек ақысына колхоздан 23 мың сом ақша, екі жарым тонна қант алды. Ойлаңыздар, бұл ненің нәтижесі? Сөз жоқ адал еңбектің, көп зерттеп, көп әрекет етудің нәтижесі. Міне, адал еңбектің жемісі бізде, осындай.

Битай звеносында тамаша адамдар көп.

Звено тандаулы адамдары — Бәзігүл, Қазына, Мәнуэр тағы басқалары Битайдың шын серіктері. Бұлар бір ұядан ұшқан балапандар. Біріне-бірі көмекші, кеңесші, ақылшы. Олар еңбекте сондай бірлік, достық нәтижесінде ғана дүниежүзілік рекорд жасады.

Звено мүшесінің бірі:

— Бір түп қант қызылшасының 9 килограмм, 900 грамм тартқанын көрген бе едіңіздер? — дейді.

— Жоқ, көрген емес ек.

— Болмаса көріңіздер.

Теңкіген асқабақтай бір түп қызылшаға көзіңіз түседі. Я, ол асқабақ емес — қызылша. Жарты буттан артық салмағы бар. Мұны өсірген — Битай, оның звеносы. Бұл — әлі ешбір жерде болып көрмеген, өніп көрмеген өнім.

Мұны көргенде, жаның рахат тауып күле бергің келеді. Ол қуаныш күлкісі, мақтаныш күлкісі. Қарапайым колхозшы әйелдің дүниежүзілік рекорд жасап, ғылымға жаңалық, адам санасына соны түсінік енгізгеніне қуанып күлесің. Колхозшы қазақ қызы жаңашыл, озат, еңбек ері болып, оны зор қайраткер еткен Сталиндік заманның адамы болғаныңа масаттанып күлесің.

Сондықтан Битай Тәтенованы Қазақ ССР Жоғарғы Советі депутаттығына кандидат етіп ұсынып, халқымыз оған зор сенім көрсетті. Ол халық сенімін ақтауда да адал еңбек сіңіреді.



# ЖАҚСЫ ОҚЫЙМЫЗ

Н. Ф. КОЛМОГОРЦЕВА,

Семей қаласындағы, 7-орыс мектебінің аға вожатығы.

— Біз дружинада істелетін барлық пионер жұмысын оқу үлгіруін жақсартуға лайықтап жүргіземіз. Бізде әрбір звенода, отрядта, дружинада өткізілген әрбір жыйын не болмаса шағын істер пионерлердің білімін байытуға, толықтыруға көмектесуін ойлаймыз. Мысалы, 4-класс пионерлері «Өлі табиғат» кітабынан «Мақта» деген тақырыпты өтті. Дружина советінің ұйғаруы бойынша, біз экскурсия ұйымдастырдық. Қаладағы Мақта иіру фабрикасына бардық. Бұған 170 оқушы қатысты. Пионерлер кеше ғана класта өткен мақтаның өңделуінен бастап, жіп болып иірілгеніне дейінгі жұмысты көзбен көрді.

Осындай программаға сәйкестірілген жыйындар отрядтарда жиі-жиі өтіп тұрады. Біз бірде механикалық заводқа барып, қанылтыр цехы, токарь цехы мен құю цехы жұмыстарымен таныстық. Заводтың стахановшысы еңбекті өнімді істейтінін айтты. Пионерлерден:

— Өздерің сабақты қалай оқыйсындар? — деп сұрады.

Оқу озаттары өздерінің тәжірибесін айтып берді.

— Сендердің өндірістерің — оқу. Біздің өндіріс — завод. Біз қандай үздік еңбек етсек, сендер де сондай үздік оқуға тиістісіңдер.

Бірлесіп кино көру және оны талқылау пионерлердің ой-өрісін кеңейтеді, балалардың туған өлкені тануына, еліміздің атакты адамдарының өмірін білуге көмектеседі. «Жас гвардияшы батырлар» деген тақырыпта 7-отрядта жыйын өткізілді. Жыйында класс жетекшісі Надежда Ивановна әңгіме айтты. Осыдан кейін фильмоскоп арқылы «Жас гвардия» киносы көрсетілді.

3-отрядта «Ол — бір кезде пионер болған» деген тақырып бойынша жыйын өтті. Жыйында Совет Одағы Батыры атағын екі рет алған Иван Кожедуб туралы әңгіме болды. Жыйын соңында пионерлер фильмоскоппен Кожедубтың кішкентай күнінен бастап, соғыс Академиясын бітіргенге дейінгі өмірін баяндайтын фильмді көрді. Кожедуб бүгінге дейін сол бірінші класта өзін оқытқан мұғалимасы Нина Васильевнамен хат жазысып тұрады. Оқытушыны құрметтеуді балалар, міне, осындай адамдардан үйренеді.

Біздің мектеп — бастауыш мектеп. Балалар ана тілінен көптеген ертектер мен мысаллар өтеді. Сол өтілген материалды есте сақтау

үшін, «Біз қай ертектен» деген бюллетень-газет шығарып жүрміз. Оның бетінде ертектер мен мысалдардың кейіпкерлерінің суреті басылады. Пионерлер соған қарап, ертекті еске түсіреді.

Балалар бұл газеттің жаңа номерін асыға күтеді.

Балаларды еңбекке баулу ісіне де көп көңіл бөлеміз. Ол үшін еңбек жыйындарын өткізіп келеміз. Бірде үй шаруасындағы әйел Сафронованың үйіне барып, біртоп пионер борщты қалай әзірлеуді үйреніп қайтты. Енді бірде Некрасов деген баланың әкесі өз үйінде оншақты пионерге тақтайды қалай өңдеп, орындық жасауды үйретті. Біздің пионерлердің үйінде ата-анасына қолқабыс көрсетпейтіні кемде-кем.

Осының бәрі мектепте оқу үлгіруін жақсартуға жәрдемін тигізуде.

Онбір отрядтың төртеуінде пионерлер сабақты кілең 5 пен 4-ке үлгіреді. Қалған отрядтарда екілік баға алмау үшін күрес жүргізілуде.

— Класта бір-ақ оқу озаты ғана бар болып бірнеше оқушының екілік бағасы болғанынан барлық балалардың біркелкі жақсы оқығаны артық, сонда бүкіл коллективтің ортақ еңбегінің жанғаны, — дейді 1-отряд советінің председателі Зина Архипова. Сондықтан да осы класта грамматикадан нашар үлгіруші Толя Садыкинге бүкіл отряд болып жәрдем көрсетті.

Аля Козыреваның және Зина Архипованың Толямен жат жазу жазысып, ережені бірге жаттасып, сабаққа бірге әзірленген кештері жемісті болды. Толя тәуір оқый бастады.

Рас, дружинамызда 10 шақты пионер әлі де үлгіре алмай келеді. Бірақ пионерлер ондай жолдастарынан өз көмегін аямайды. Ендеше оларда таяу уақытта жақсы оқушылар қатарына қосылмақшы.

Біздің дружинада, мектебіміз бастауыш мектеп болғандықтан, отряд вожатыйлары жоқ. Соған қарамастан отряд советтері пионер жұмысын тәуір ұйымдастырады. Өйткені класс жетекшілері жақсы жұмыс істейтін пионер ұйымы өздерінің белсенді жәрдемшісі екенін жақсы біледі.

Жазып алған М. ӘЛІМБАЕВ.

## Бейбітшілік пен демократияның жалынды күрескері

Назым Хикметті біздің елдің балалары жақсы біледі. Ол түрік ақыны. Түрік ақыны ғана емес-ау, ол бүкіл дүние жүзінің ақыны. Кімде-кім бостандықты сүйсе, бейбітшілікті тілесе, сол адам Назым Хикметті өзіне дос санайды. Кімде-кім адам баласының бақыты үшін күресемін, осы жолда қандай азапқа болса да төземін десе, ол Назым Хикметтен үлгі алады:

«Мен күймесем, жанбасам,  
Сен күймесең, жанбасаң,  
Кім береді тілекті —  
Кім серпеді түнекті?» — деп, кісі өлтіргіш-

терге қарсы аттанады.

Назым Хикмет ең алдымен Совет Одағы халықтарының шынайы досы. Ол нағыз білімді біздің елде, Москвада, Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінен алды. Ол ең алғашқы өлеңдер жыйнағын біздің елде, Баку қаласында бастырып шығарды. Ол Лениндік — Сталиндік ғылыммен, коммунистік идеямен біздің аудиторияда қаруланды. Түрі де, мазмұны да жаңа, жалынды революцияшыл жыр жазуды ол Москвада, біздің Маяковскийден үйренді. Оның «Күн көректілердің жыры», «Лениннің өліміне», «Менің жүрегім», «Жаңа искусство», «Аштардың көз жанары», «Қоштасу» деген өлеңдері Москвада жүрген кезінде жазылды.

Хикмет Москваға 1920 жылы, он сегіз жасында келіп, 4 жылдан кейін еліне кеткен еді.

Елдегі, үкімет басында отырған азғындар, бостандықтың қас жаулары оның жалынды үнін жұрт құлағына тигізбеу үшін, оны 4 рет түрмеге қамады. Егер біз ұлы ақынға кесілген барлық үкімді қоссақ, ол 56 жыл түрмеде отыруға, тіпті атылуға тиіс болыпты.

Әрине халықтың сүйікті ұлын халықтың көзінше құртып жіберу оңай емес. Әйткенмен, Түркияны билеуші канқұйлылары ақынның мойылдай қара шашын түрмеде ағартты. Бірақ, оның өлеңін қамай алған жоқ. Оның өлеңі темір торлы терезені де, қат-қабат темір есікті де жарып шығып, әрбір қарапайым адамның қойнында жүрді.

Ақын жүрегі түрмеге қамалған жоқ. Оның өзі түрмеде наукастанып жатқанда да — жүрегі қытай солдаттарымен бірге, Ұлы Қытайды азат ету майланына қатысты. Оның жүрегі грек патриоттарымен бірге жазаланып, тансәріден өлтірілетін жерге бірге барды. Оның жүрегі көп күтіп зарыққан, үйдегі анасы мен жарының көкерегіне қонақталы. Оның жұдырықтай жүрегі алыстағы Кремль жұлдызымен тілдесті. Бұл сырды «Жүрегім менің мұнда емес» деген өлеңінде ақынның өзі айтқан болатын.

Ақынды сүйіп оқыған прогрессивтік адам баласы ақырында оның қамаудан босатылуын талап етті. Осының арқасында, Назым Хикмет былтыр ғана онекі жыл отырған түрмесінен шықты. Отанын зұлымдық кеулеген Назым, ата мекенін амалсыз тастап Францияға кетті. Ол қазір Францияда тұрады.

Назым Хикмет шын демократия үшін, бейбітшілік үшін күрестің жалынды жыршысы. Оның жауына оқтай қадалып, дос жүрегің жылытатын жырларын бейбітшілікті жақтаушылардың Варшавада өткізілген Бүкіл дүниежүзілік екінші конгресі өте жоғары бағалап, Хикметке бейбітшіліктің халықаралық сыйлығын берді.

Бейбітшіліктің қажырлы күрескері Назым Хикмет бейбітшілік жауларына оқ боп қадалып, бейбітшілік достарының жүрегің жылытатын әді де талай тамаша жырлар жазды.

Хикмет ЕРҒАЛИМ



## ЖҢЙЫРМАСЫНШЫ ҒАСЫР

Назым Хикмет

— Ұйқтағың келе ме қазір, сәулем,  
Жүз жыл жатып, ұйқтап тынығып сен  
Тұрсаң, тек, бақыт заман туған кезде,  
Қеткенде қайғы, зорлық жер бетінен.  
— Жоқ.  
Қашқыны емеспін  
Ғасырымның —  
Қетпеймін тастап қашып жасын, мұңын.  
Ғасырым — ұлы ғасыр,  
Азабы оның —  
Айбаты келер жарқын, асыл күннің.  
Жоқ.  
Өзім өкінбеймін ғасырыма,  
Туғанға — жаңа тарих асуында.  
Мақтанам — бақыт үшін ерлерменен  
Майданға бірге қадам басуыма.  
— Сүйіктім, жеңіс таңы алыс әлі.  
— Жоқ, сенем, жақын қалды жеңіс таңы.  
Ғажайып сәулесіндей от көзіңнің  
Азаттық таңы бізге туар тағы.  
Ашылған қақпамыздан шалқып еніп,  
Біздерді құшар, сәулем, шаттық келіп.

Аударған К. БЕКХОЖИН.

## „Жолдастарың қасыңда“

...— Ал, сен комсомолға кіргелі келдің... Қандай мақсатпен кірмексің?

— «Алдыңғы қатарлы балалардың барлығы да комсомолға түсіп жатыр. Біздің мектепте үздіксіз алда келе жатқандар — комсомолецтер. Олардың арасынан қыл өтпейді, бәрінің көздеген мақсаттары да бірдей. Мен он төрт жасқа қашан шығам деп күттім де жүрдім...»

Таяуда қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан шыққан М. Прилежаеваның: «Жолдастарың қасыңда» повестінің бас кейіпкері, Емельянов Сашаның комсомол комитеті мәжілісіндегі айтқан әңгімесі осылай басталады.

М. Прилежаеваның повесті Москваның бір мектебінде болған тамаша оқыйғадан туады. Мектептің комсомол комитеті жетінші класта оқыйтын айырылмас екі дос Саша Емельянов пен Костя Гладковты БЛКЖО қатарына өтуге даярлап жатады. Бұл екеуі де Ленин — Сталин комсомолына мүше болуға ынтық.

Саша зирек, өте қаблетті бала, жолдастары алдында беделді. Оның ойы Түлениндей ер болу. Оның бұл арманы аудандық комсомол комитетіне де естіледі.

Амал қанша, көп кешікпей-ақ Сашаның жағдайы өзгере бастайды. Сашаның комсомолға алу мәселесі үлкен сөз болады. Жолдастары ол туралы герен ойға шомады. Ленин — Сталин комсомолы деген ардақты атқа Саша кір келтірмес пе екен?—деген шүбә туады. Бұлай шүбәланудың себебі де бар еді. Ол оқыйға былай басталып еді:

Физика сабағы үстінде мұғалима оқу аспабы — вольтметрді байқаусызда қолынан түсіріп, қыйратып алады. Туған аналарындай ардақтап, қатты сыйлайтын мұғалимасына жаңа аспап жасап беру мәселесін 7 «Б» класының барлық оқушылары болып қолға алады. Олардың әрқайсысы қолдарындағы сым, тактай, шегелерін жыйнастырып, жаңа вольтметр жасауды Саша Емельяновқа тапсырады. Бұл қызықты іспен шұғылданған Сашада бүкіл мектепке

даңқымды шығарсам деген өзімшіл ой пайда болады.

... Міне, вольтметр де бітті. Тамаша болып жасалған! 7-«Б» класс балалары мұны өз мұғалимасына қалай сыйлаудың жолын талқылай бастайды.

— Саша! Керемет жақсы етіп жасағансың... Надежда Дмитриевна қандай қуанады десенші!

Балалар вольтметрді мұғалимаға қалай тапсыруды ақылдасады. Салтанатты түрде тапсырып жатпай-ақ, оның алдына қоя салуды ұсынады біреулері. — Надежда Дмитриевна кіреді де, біздің сыйлығымыз екенін біледі, — дейді.



— Алдымен ұлықсат сұрауымыз керек, — дейді енді бір бала. Осы кезде Саша шамданып:

— Алдымен өздерің істеп алыңдар, содан кейін келісетін болыңдар, — деп айқай салып, вольтметр иесі мен дегенді аңғартады.

— Саша, сен вольтметрді өзін үшін ғана істеген бе едің? Олай болса, өзіміз-ақ істейміз!— деседі балалар.

Сашаның өз жеке басының мүддесін коллектив мүддесіне қарама-қарсы қойғанына наразы болған жолдастары оған сырт береді. Саша жалғыз қалады. Өзінің қателескенін Саша кейін сезеді. Бұл менмендігі комсомолға лайықсыз екенін Саша қатты налиды. Бірақ, коллектив оны шетке қағып, ескерусіз қалдырмайды, бойындағы мінін түзеуге көмектеседі. Совет адамының, жас ұрпақтардың сүйегіне сіңген жақсы қасиет — жолдастарын қыйын минутта қолтықтап алып шығу қасиеті бұл арада да нақты іспен көрінеді. Жолдастары Сашаға таяныш болады. Тағдыры шешілетін — комсомол қатарына алынар, алынбасын шешетін жыйналыста өз қатесін мойындауына коллектив ықпалы оған дем береді...

Комсомолдың жалпы жыйналысы өтіп жатыр. Сашаның қателік ісін талқылауда. Жолдастары оған көмектесуді қатесін бүркеу деп түсінбеген. Олар Сашаның жақсылық ісін де жасырып қалған жоқ. Жалғыз білместігі үшін Сашаны комсомол болу бақытынан айыру әділеттік болмас еді. Жыйналыс қортындысы Саша Емельяновты комсомол қатарына қабылдаумен шешіледі. Повесте, әсресе, осы жыйналыс тамаша көрсетілген. Жазушы М. Прилежаева мектеп комсомол ұйымдарының өмірі мен ісін, жас комсомолецтердің алғашқы қадамын, нағыз жолдастық қарым-қатынасты тамаша көрсете білген.

Жас оқушы! Бұл кітап өзің сыяқты оқушының өмірі туралы, досың туралы жазылған. Сен де Саша сыяқты комсомолға кіресің. Орысшасы өте тартымды, жеңіл тілмен, көркем жазылған бұл кітапты оқып шық. Комсомолға кіруге қандай даярлығың бар, кемшілігің болса, түзей біл, Ленин — Сталин комсомолының атына лайық болуға әзірлен.

Сенің де қуанышың мен сәтсіздігіңе ортақ достарың бар екенін есіңнен шығарма. Олардың қамқорлығына ісінмен жауап бер. Достықты бағалай біл, пионер атыңды таза сақта.

Б. СЛАНОВ.



Қызылорда Шәрипа алғашқы рет мектеп есігін ашқан жылы кейде ойынмен айналысып, сабаққа дайындалмай барып жүрді. Оның бұл ұнамсыз ісіне мұғалімі де, анасы да ренжіді. Оған мұғалімі терең білім алу үшін осы бастан зейін қойып, жақсы оқу керектігін түсіндірді.

Шәрипа өзінің ағаттығына ұялып, сабақ оқуға күн сайын ынтамен кірісті. Ол осындай еңбек етудің арқасында бір күні алғашқы рет бестік баға да алды.

— Мен бүгін бестік баға алдым. Бұдан былай ылғи өте жақсы оқыйтын боламын,— деді ол анасына қуанып.

Анасы да бұған қатты қуанды. Содан бері Шәрипа сабақты үздік оқып келеді. Ол кәзір 4-класта оқыйды. Оның үлгіру табелі быйыл да кілең «бестік» бағамен аяқтады.

Шәрипа жақсы оқумен бірге, қоғам жұмысына белсене араласады. Ол ән-хор үйірмесіне қатысады, қазақ, өзбек әндерін жақсы орындайды.

Оқушы жолдастары Шәрипа Серікбаеваны жақсы көреді. Ол сабақты нашар үлгіретіндерге көмектесіп отырады.

**Жапонбай Аязбеков.**

Луговой ауданы, Алғабас бастауыш мектебі.

**КІТАПХАНА ҰЙЫМДАСТЫРДЫҚ**

Біз быйыл мектеп жанынан кітапхана ұйымдастырдық. Бұл бастамаға оқушы-пионерлер белсене атсалысып, кітап қорын жасауға көмектесті. Кәзір кітапханамызда бір талай кітап бар, газет-журналдар бар. Оның үстіне кітап қоры күн сайын көбейіп келеді.

**М. Сақтапов**

Тереңөзек ауданы, Калинин атындағы мектеп.

**ГЕОГРАФИЯ ҮЙІРМЕСІ**

Ақмола облысының Макинка қаласындағы орта мектепте Миклуха Маклай атындағы география үйірмесі бар. Бұл үйірмеге мектеп оқушыларынан 50 адам қатысады. Олар түрлі звеноға бөлінген.

Мұғалім Степан Николаевич Трофимов үйірме мүшелеріне нелер қызықты әңгімелер айтады. Оның басқаруымен балалар карта сызады, модель және монтаж жасайды. Үйірме мүшелерін туған елге саяхат жасау өте қызықтырады.

Үйірме мүшелері «Глобус деген газет шығарып тұрады. Онда әр звеноның жұмысы жайында жазылады. Онымен бірге, бұл үйірме «Пионерская правда» газетімен тығыз байланысты. Редакцияға хат жазып, үнемі ақыл-кеңес алып тұрады. Үйірме мүшелері республикамыздың басқа облыстарындағы мектептердің география үйірмесімен байланыс жасап, іс тәжірибесін ортаға салып отырады.

Үйірме жұмысына қатысу барған сайын өте қызықты болып келеді. Өз елінің тамаша табиғат сырын білу, оқып-үйрену қандай жақсы!

**И. Нарышқов.**

Ақмола.




**КІТАП**

Кітабым, ең қымбаттым нұрың өшпес. Мақтасам алтынды да саған жетпес. Өмірге жол сілгейтін, кітап, сенсің. Асыл сөзің ұмытылмас, естөн кетпес.

**Мухтар Бакенов,**

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, қазақ орта мектебі.



**ЭККУРСИЯДА БОЛДЫҚ**

Біздер, Қарабұтақ орта мектебінің 7-класс оқушылары, жуырда физика сабағынан Қарабұтақ МТС-інде экскурсияда болдық. Экскурсияны физика пәнінің оқытушысы З. Меңдіғарина мен класс жетекшісі Қ. Ахметов басқарды.

Біздерге МТС-те аға тракторшы Қали Бекболатов төрт тактілі қозғалыстың құрылысын түсіндіріп, оның жұмысқа қалай істейтінін көрсетті.

Бұл экскурсияда біздің жете түсінбей келген көптеген сұрақтарымызға толық жауап алдық. Мотордың жұмысын көзбен көрдік. Физикадан алған білімімізді толықтырдық.

**Т. Әбубақиров,**

Ақтөбе облысы Қарабұтақ орта мектебі.

**МЕКТЕБІМ**

Алтын бесік-мектебім,  
Өсемін сенің қойныңда.  
Тәрбиен үшін сен берген,  
Борышың қалмас мойнымда

**Тілеуберген Малғаздаров.**



# О Д А Н - Б У Д А Н

## Европа, Азия, Африка

Көне заманда Жерорта теңізінің солтүстік және орталық жағалауын мекендеген Финикия елінің адамдары батыл теңізшілер болған. Осыдан үш мың жылдай бұрын-ақ олардың сауда кемелері Жерорта теңізінде жүзе алған. Финикийлер Жерорта теңізінің шығысында жатқан елдердің бәрін өз тілінде «Асу» деп атаған. Бұл «Шығыс» деген сөз. «Асу» өзгере келе, «Азия» деген сөз шыққан. Жерорта теңізінің солтүстік-батысында жатқан елдердің бәрін финикийлер «Эреб» деп атаған. «Европа» деген сөз сол «Эребтен» шыққан.

Ал, Африка деген сөзді римдіктер «ауругиб» деген халық атынан алған.


## Ең терең көл мен тайыз теңіз

Тұщы көлдердің ішіндегі ең тереңі — Сибирьдегі Байкал көлі. Байкалдың тереңдігі 1521 метрге жетсе, ал Азов теңізінің ең терең жері 14 метр-ақ.

## Жұмбақ сурет

Мына суретті түрін де, көлемін де бірдей етіп, алтыға бөліңдер. Сонда әр бөліктің ішінде бір дөңгелектен болсын.

А. ХАСКИН,  
Москва.



## Жауаптар

«Пионер» журналының 1950-жылғы 6-санында басылған жұмбақтардың шешуі: біріншісі — «Қаламұш», екіншісі — «Кітап».

«Пионер» журналының 1950-жылғы 11-санында басылған ребустың шешуі:

«Біздің елге қас еткен, өз басына тас атады».

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

М. Байболов (Қостанай), З. Кұлжанов, (Қарсақпай).

## Мың шығарма

Орыстың ұлы жазушысы Антон Павлович Чехов өзінің жазушылық өмірінде ірілі-ұсақты мың шығарма жазған. Шағын көлемді шығармаларды көп жазған жазушының бірі — А. П. Чехов болады.

## Суға батпайтын шыны

Тығыннан да жеңіл, суға батпайтын шыны бар деп кім бірден ойлай алар? Бірақ, сондай шыны бар. Ол «көбік шыны» деп аталады.

Көбік шыны шыны ұнтағының көмір қышқылы кальций бормен қосылып, қайнап шығады. Бұл шыныдан үй салу құрылысына қажет блоктар, суға жүзу шеңбері және тағы басқа заттар дайындалады. Мұндай тамаша шыныны совет ғалымы, Сталиндік сыйлықтың лауреаты, профессор И. И. Китайгородский жасап шығарған.

## МАЗМУНЫ

	Беті.
Елеулі күндер . . . . .	2
Т. Мұқанов — Қамқор ана . . . . .	3
Ж. Молдағалиев — Халық ұлы . . . . .	5
Бақыт шыңында . . . . .	6
Ә. Тәжібаев — Қырғызға сәлем (өлең) . . . . .	6
Т. Үмбеталиев — Бақытымыз — Сталин; Қасқа тай (өлеңдер) . . . . .	7
А. Османов — ФЗО-дағы ініме (өлең) . . . . .	7
К. Жармағамбетов — Әнші азамат (повесть, жалғасы) . . . . .	8
О. Бодықов — Жас аңшы . . . . .	14
Ғ. Сланов — Қарақұмды қақ жарып . . . . .	16
Р. Райымқұлов — Рекорд туралы әңгіме . . . . .	18
Н. Ф. Колмогорцева — Жақсы оқыймыз . . . . .	20
Х. Ерғалиев — Бейбітшілік пен демократия жолындағы күрескер . . . . .	21
Н. Хикмет — Жыйырмасыншы ғасыр (өлең) . . . . .	21
Б. Сланов — «Жолдастарың қасында» . . . . .	22
Біздің почта . . . . .	23
Одан-будан . . . . .	24



Мұқабаның бірінші бетіндегі суретті салған Н. Лебедев.

Редколлегия мүшелері:

Т. Абдрахманов (жауапты редактор) К. Айманов, К. Баранов, Ә. Бектұров, Х. Доспанова, Қ. Жармағамбетов, М. Имажанов, М. Нұртазин, Ә. Сәрсенбаев.

Редакцияның адресі:

г. Алма-Ата, проспект Сталина дом № 79, редакция журналы «Пионер».

Подписано к печати 14/II 1951 г. УГ02856. Бум. 84 × 108<sup>1/16</sup> — 0,75 бум., 2,46 п. л. Полиграфкомбинат Казполиграфиздата при Совете Министров КазССР. г. Алма-Ата. Заказ № 357

Балалар, сендер Малая, Бирма, Индонезия, Оңтүстік-Батыс Африка деген елдерді талай естідіңдер. Міне, сол елдердің өз басында осы күнге шейін өз билігі жоқ. Оларға Американың, Англияның, Францияның, Голландияның, Бельгияның капиталистері именбестен зорлықпен қожалық етеді. Осындай, бөтен елдің капиталистері қожайындық ететін елдер — отар елдер деп аталады.

Отар елдердің көмірін, мұнайын, алтын, жұмысшы күшін зорлықпен тегін пайдаланатын болғандықтан, капиталист-жыртқыштар отар елдерді көбейте беруге тырысады.

Отар елдердің шаруашылығы өркендесін, халқының халі жақсарсын деп олар өмірі ойламайды. 400 миллион халқы бар Индияда 7 мың ғана аурухананың болуы да сол отарланудың салдары. Бұл елдің мектеп жасындағы 60 миллион балаларының 50 миллионы, мектеп жоқтықтан,

оқусыз бекер жүргені де сол отарланудың салдары.

Капиталистердің озбыр қыянаты — отаршылық тәртіпке қарсы отар елдердің халықтарымен бірге, азаттық сүйгіш барлық адамзат күрес жүргізеді.

Будан үш жыл бұрын демократиялық екі ұйым — Демократиялық жастардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы мен студенттердің халықаралық одағы отар және тәуелді елдердің өз ұлт бостандығы үшін күрес жүргізуші жастарымен және студенттерімен ынтымақтасу күні етіп — 21 февраль күнін белгіледі.

Бұл күнді, быйыл ұлы Қытай халқы азаттық туы астында қарсы алып отыр.

Бұл күнді, батыр Корея және Вьетнам халықтары отаршыл американи, француз империалистерін өз жерлерінен бір жола қуып шығу үшін қаһармандық күрес жүргізумен қарсы алып отыр.

Бұл күні, барлық елдердің жастары өз елдерінде бас қосып, азаттық алу үшін ерлікпен батыл күресуші отар елдердің барлық жастары мен халықтарына жалынды сәлем жолдайды. Бұл күнгі үн, соғыс өрті тұтандырушылардың үрейін ушырады, Совет Одағы бастаған бейбітшілік лагерьдің қуаты еселеп арта беретінін білдіреді.

## Генрих Гейне

(Қайтыс болғанына 95 жыл).

«Менің қабіріме сіздер алмас қылыш қоюға тиістісіздер, өйткені мен адамзаттың азаттық жолындағы күресінде батыр солдат боп өттім» деген еді ол.

Әкесі кішкентай Генрихтен купец өзірлеуге тырысты. Бірақ әкесінің дегені болмады. Генрих Гейне әдебиетті сүйетін еді. Ол жасынан-ақ өлең жазды. Гейненің алғашқы өлеңдерінің өзінен оның қоғамдық-саяси беті көрінді.

Гейне 1827 жылы тұңғыш өлеңдер жыйнағын шығарды. Жыйнаққа Гейненің бірыңғай лирикалық өлеңдері кірді, содан соң өзінің арнаулы юристік біліміне (ол Геттенген университетінің заң факультетін бітірген) қарамастан, Гейне бүтіндей әдебиет мәселесімен айналысады. Гейненің революциялық творчествосының кең қанат жаюы — XIX ғасырдың 40-жылдары. 1843 жылы ол К. Маркспен танысып, ақырында достасып кетті. Маркстің ықпалымен Гейне өзінің атақты «Силез тоқушылары» деген өлеңін жазды. Мұнда ол жұмысшылар ескі дүниенің кө-



рін қазушы екендігін жер жүзі поэзиясында бірінші рет айтты. Гейне бұдан кейін жазған «Германия» («қыс ертегілері») деген поэмасында юнкерлік қатал тәртіп жайлаған Германияның, оның ішінде Пруссияның саяси-экономикалық құрылысын өлтіре сынайды.

Мәдениеттің жауы — гитлершілдер Гейненің кітаптарын отқа жағып, қорлаған еді.

Жаңа демократиялық Германия республикасында Гейне аты жаңа құрметке ие болды.

Т. ЫДЫРЫСОВ,



## Н. А. Добролюбов

(Туғанына 115 жыл)

Н. А. Добролюбов әдебиетке өте жас кезінен құмарта бастады. Ол 11 жасынан-ақ әдебиетпен айналысты. Ол көп оқып, әдебиет мәселелерін ерекше зейін қойып зерттейді. Кейін, орыстың өнегелі әдебиетін көркейтп, дамытушыларының бірі болды.

Ол «Таза искусство», «Искусство искусство үшін» деген пікірдің өмірге жанасымсыз жат, шірік пікір екендігін батыл сынап, әшке-реледі. «Өмір әдебиетке байланысты емес, әдебиет өмірге байланысты тууы керек» деп көрсетті ол. Оның «Обломомшылық деген не?», «Нағыз күн қашан туады?», «Қараңғы патшалық» деген әдеби сындары орыс әдебиетінің асыл қазынасына қосылды.

Н. А. Добролюбов әдеби сын мақалаларында әдебиеттің қоғамдық маңызын аша білді. Ол әдебиет барлық халықтың игілігіне айналдырылуға тиіс, әдебиет еңбекші бұқараға қызмет етуі керек, өз заманының идеясы тұрғысында болып, сол кездің өте қажет мәселелеріне жауап беріп отыруы керек, деді.

Ол өзінің әдебиетшілік өмірін қоғамдық өмірімен тығыз байланыстырды. Ұлы демократ әрбір адамның экономика жағынан да, саяси тұрғыдан да тең праволы болуын, қанау мен озбырлықтың қандайының болса да жойылуын, сөйтіп, әрбір адамның өзінің өнерін, талабын қолынан келгенінше іске асыруға мүмкіндік алуын көкседі.

Ұлы орыс халқының мәдениеті мен әдебиетін, озық ойын дамыту жолындағы көрнекті қайраткер Николай Александрович Добролюбов ширек ғасыр өмір сүріп, 25 жасында қайтыс болды. Ол осы өзінің әрі қысқа, әрі тамаша өмірінің ішінде Отаны үшін, өз халқы үшін, бүкіл адам баласы үшін мәңгі есте қаларлық зор еңбек сіңірді.

Ж. ОСПАНОВ,

# Табиғат газеті

Февраль 1951 жыл

№ 11

редактор М.Зверев

## Қыстың соңғы айы.

Орман тұрғындарының қысқа жыйнаған азықтары таусылуға айналды. Барлық аңдар мен құстар арықтап болды. Бойдан қуат та кетті.

## МҮЗ Көлбақа

Біздің бір топ тілшіміз көл астындағы лайды қазып жүріп, қатып қалған бір топ көлбақа тауып алғандығын хабарлады. Бір қызығы: бұл көлбақалардың мүшелері шыны тәрізді шатынап сынады екен. Жылы бөлмеге әкелінген мүшесі сынбаған көлбақалар, жібігеннен кейін, тірілген көрінеді, ендеше жаз болғанда олар көлде де тіріледі деген сөз ғой бұл.



## Көктемнің алғашқы белгілері

8 февральдан бастап алғашқы гүлдер — жауқазындар дүкендерде сатыла бастады. Бұл Алматы маңында 10 жылдан бері жауқазынның ерте шыққан бір жылы.



## Жыл құсы

Февральдің орта шенінде алғашқы қара торғайлар ұшып келді.

— Оңтүстіктен сіздерге сәлем әкелдік.

— Көп рахмет, қара торғайлар!



## Бұл не „төбелес“

Қалада тапа-тал түсте торғайлар қыпқырай төбелескені бар емес пе! Олардың қанаттары мен мамық жүндері желмен бүрқырап ұшып жатыр. Төбелесіп болып торғайлар, шөп-шалам мен өздерінің жұлынған мамықтарын жаңа ұяларына әкетіп жатыр.

## Сұрақтар.

1. Торғайлардың температурасы қашан нүльден төмен болады: қыста ма, жазда ма?
2. Қай құстар ұшып келгенде көктем басталды дейміз.
3. Қар далада немесе орманда бұрын ерме?

## Жауаптар.

„Табиғат газетінің“

1951 жылғы январь айындағы сұрақтардың жауабы:

1. Жарқанат бүкіл қыс бойы тұмсығын жерге тіреп ұйықтайды.
2. Күрбақа қыста ешнәрсемен қоректенбейді.
3. Құсқа суықтан гөрі аштық қауіптірек.

## Ұйқыда Жатқан Хайуандар.

Көптеген хайуандар — аюлар, борсықтар, суырлар, жарқанаттар және кірпішешендер ін мен апандарда ұзақ ұйқыда жатады. Олар күзден бері ұйқыда.

## ШЫМКЕНТТЕН ТЕЛЕГРАММА

Колхоздар көктем егісіне кіріскенін хабарлаймын.

Арнаулы Тілшіміз.